

# ҮКІМЕТТЕН ӘЛІ ҮМІТТІ...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжәшік Ақшамы Газеті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

## ЖҰРТШЫЛЫҚ НАЗАРЫНА МҮЛДЕ ЖАҢА ҚҰЖАТ ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР

Бәріңізге мәлім, Қазақстан өтпелі кезеңге аяқ басты. Біз ел тағдырына әсер ететін ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып жатырмыз. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында конституциялық реформаның маңызды тұстары туралы айтқанымды білесіздер. Қоғамда кеше ғана емес, жарты жылдан бері Конституцияға қатысты жан-жақты пікір алмасу жүріп жатыр. Барлық ұсынысты жүйелеп, саралау үшін 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылды. Бұл – ауқымы жағынан да, кәсіби деңгейі тұрғысынан алып қарасақ та, еліміз үшін теңдесі жоқ комиссия. Осы жолы Комиссия құрамында шетел мамандары жоқ.

Жалпы, былтыр қазан айынан бастап азаматтарға өз пікірін білдіруге толық мүмкіндік берілді. Сол уақыттан бері eGov және eOtinish мемлекеттік цифрлық платформалары арқылы бірнеше мың ұсыныс келіп түсті. Комиссия өтініштің бәрін мұқият қарап, қорытып, тиісті түзетулерді әзірледі. Конституциялық комиссияның жұмысы барынша ашық жүргізілді. Мұны айтып өту өте маңызды. Себебі еліміздегі реформалар бұрын-соңды ешқашан дәл осылай жан-жақты талқыланып, тікелей эфир арқылы жұртшылықтың назарына ұсынылмаған.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде цифрлық платформаларды кеңінен қолдандық. Конституциялық реформаға байланысты азаматтармен байланыс желілері тиімді жұмыс істеді. Соның арқасында шын мәнінде жалпыұлттық ауқымдағы талқылау болды десек, дұрыс болар. Бұл – Әділетті Қазақстан құрылысының айқын көрінісі.

Осыған дейін Конституциялық комиссияның он отырысы өтті. Комиссия мүшелері түзетулердің аса көптігін ескере отырып, ортақ пайымға келді. «Ата заңға жекелеген өзгеріс енгізу жеткіліксіз, қазіргі жағдайда жаңа Конституция қабылдаған жөн» деген байлам жасады. Соған сәйкес қаңтар айында жаңа Конституцияның алғашқы нұсқасы жарияланды.

Бұл бастама қоғамның айрықша назарын аударды. Мен мұны өте жақсы үрдіс деп санаймын. Азаматтарымыз Конституция жобасының түрлі баптарын қызу талқылап жатыр. Қоғамның саяси мәдениеті және

белсенділігі артып келеді. Бұл – менің саяси бағдарымда көрсетілген негізгі міндеттердің бірі.

Еліміз үшін «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» және «плюрализмге – ашықпыз, экстремизмнен – қашықпыз» қағидаттары өте маңызды. Сол арқылы қоғамдық диалогтің дамуына, еліміздің үздіксіз алға басуына жол ашылады. Қазірдің өзінде бір нәрсені күмәнсіз айтуға болады: жұртшылық

қалыптастырамыз.

Мысалы, адвокаттардың ұсынысымен Ата Заң жобасына адвокатура туралы жеке бап қосылды. Жаңа Конституция жобасында білім беру жүйесіне баса мән беру арқылы мемлекеттің зайырлы сипаты да нақтылана түсті. Ал «Неке – еркек пен әйелдің ерікті және теңқұқылы бірлестігі, яғни одағы» деген тұжырым арқылы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды сақтап қалу мақсаты көз-



назарына мүлде жаңа құжат ұсынылып отыр. Бұл құжат мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түскенін, яғни сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Жаңа Конституция жобасына енген нормалар Қазақстанның саяси жүйесінің даму қисыны мен бірізділігін бекітеді. Ол, ең алдымен, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына негізделеді.

Жаңа Конституция жобасында «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындала түсті. Біз 2019 жылдан бері дәйекті түрде осы жолмен жүріп келеміз.

Түптеп келгенде, ұсынылып отырған өзгерістердің арқауы – бір. Бұл – адамдардың және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Бұл – жалаң сөз емес. Біз адам құқығының қорғалуына келіпді беретін және оның нақты жолдары айқын көрсетілетін біртұтас жүйе

делді. Конституция жобасында табиғатты қорғау мәселесіне де назар аударылды. Меніңше, бұл – өте маңызды нәрсе.

Түзетулердің ішіне тағы бір аса қажетті норманы енгізу керек деп санаймын. Қазіргі Конституцияда «Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді» деген ереже бар. Осы ережені «тұрғын үйден мәжбүрлеп шығаруға» да сот шешімінсіз жол берілмейді деп толықтырған жөн.

Меніңше, бұл – жаңа Конституцияның сипатына толық сай келетін әлеуметтік норма. Конституциялық комиссия мүшелерінен осы ұсынысты қарауды сұраймын. Тұтастай алғанда, Негізгі Заң жобасында Қазақстанның қарқынды дамуына, ұлтмыздың ұйысуына қажетті іргелі қағидаттар мен құндылықтар толық қамтылған.

*(Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен)*

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

## Өңірлер үшін жаңа конституция жобасының практикалық маңызы зор



Астана қаласында Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімованың төрағалығымен Конституциялық кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда Ата Заңға енгізілетін өзгерістер жан-жақты талқыға түсті. Кезекті отырыста Қызылорда облысының әкімі, Конституциялық комиссия мүшесі Нұрлыбек Нәлібаев сөз сөйлеп, өңірлер үшін жаңа Конституция жобасының практикалық маңызы зор екенін айтты.

– «Бүгінде Қазақстан ауқымды өзгерістің, түбегейлі бетбұрыстың алдында тұр. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басуда. Президентіміздің қатысуымен Сыр өңірінде өткен Ұлттық

Құрылтайдың қорытынды бесінші отырысы тарихи миссиясы айрықша мазмұнға ие алқалы жиын болды.

Құрылтайда еліміздің келешек бағдары айқындалып, қоғамдағы ең өзекті мәселелер ашық талқыланды.

Президентіміз бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы ретінде Конституциялық реформаға қатысты өз ұстанымдарын жеткізді.

Ел тарихындағы маңызды шешімдерді ұсынды.

Конституциялық реформа – еліміздің саяси жаңғыруына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейтуге, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған. Өңірлер үшін жаңа Конституция жобасының практикалық маңызы зор. Құжатта әкімдіктер күнделікті жұмыс барысында бетпе-бет келетін мәселелер қамтылған.

Бұл – су мен жер ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық жағдай, әлеуметтік қорғау, білім беру, аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Конституция жобасы біз үшін, ең алдымен, шешімдер қалай қабылданатынын, оның жүзеге асырылуына мемлекет қандай жауапкершілік алатынын айқындайды. Сонымен қатар мемлекеттің Егемендігін нығайтуға, азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған тың тұстарын ерекше атап өту қажет.

Маңызды құжатта өсіресе, экологиялық қауіпсіздік мәселесіне айрықша мән берілген. Қызылорда облысы үшін бұл

нормалардың маңызы өте зор.

Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Арал теңізінің тағдыры – ауыр сабақ. Оның салдарын бүгінгі күнге дейін сезініп келеміз.

Мемлекеттің қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету міндетін, азаматтардың экологиялық қауіпсіздікке қатысты құқығын, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақпарат үшін артылатын жауапкершілік туралы нормаларды біз толық әрі саналы түрде қолдаймыз. Бұл – біздің өңір үшін тек жалпылама айтылған ұран сөз емес, болашақ үшін маңызы айрықша құқықтық кепіл.

Жаңа Конституция жобасының маңызды бағыттарының бірі – мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту. Бұл құжат адам құқықтарын қорғауға, өңірлерді қолдауға, әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге бағытталған. Атап айтқанда, ауылдық аумақтардың дамуына, жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қолжетімді әлеуметтік қызметтерді жүйелі іске асыруға, халық алдындағы міндеттемелерді толық орындауға мүмкіндік береді.

Елімізде адами капиталды дамыту үшін білім беруді стратегиялық басымдық ретінде бекітеді.

Жаңа Конституция жобасын қолдаймыз. Себебі, бұл құжат өңірлерді дамытудың шынайы қажеттіліктерін, аймағымыздың экологиялық жағдайы мен тұрақты даму мәселелерін толық қамтиды. Ең негізгісі, адам мен табиғат және мемлекет мүдделері біртұтас жүйе ретінде қарастырылған.

Бұл – жауапкершілік, тұрақтылық және жарқын болашаққа бағытталған таңдау!".

*Мемлекет басшысы да, ел де... Қанша дегенменен ел Үкіметі ғой...*

*Бір қарағанда Бектенов үкіметі ширығып-ақ, Мемлекет басшысының Жолдауда, Құрылтайда айтқан тапсырмаларын орындауға бел шеше, белсене кірісіп-ақ жатыр. Әр аптаның сейсенбісінде жиын жасап, ел ішінде орын алған жайларды талқылап, тиісті министрлік басшыларын төпелеп, тапсырма беріп-ақ жатады.*

*Жиыннан қол босаса ел ішін аралап, өңір әкімдерінің Үкіметтің берген тапсырмасының орындалу деңгейін тексеріп бағады. Дегенменен, Тоқаев тапсырған халықтың әл-ауқатын арттыратын, тұрмысын жақсартатын бірқатар мәселе шешілген жоқ. Мәселен жалақы көбейген жоқ, статистикалық деректерде әр тоқсан сайын орташа жалақы көтерілді деп, бұрынғысынша 20 мың мен 50 мың арасын көтеріп көрсеткенімен жалақының көтерілгенін жұрт сезініп отырған жоқ.*

*Бағаны түсіреміз дегенмен, түскен жоқ. Салықты көбейтіп, мемлекет қаржысын бөлен триллионға көбейтеміз дегенімізбен кәсіп жасап, тіршілік етіп жүргендердің қассасына салмақ түсіріп қана қоймай, бір ғана ҚҚС дегенмен өзімізден өндірілгені болсын, сырттан келгені болсын, сатылатынның, сатып алатынның бәрінің бағасын көтердік. Соған қарағанда көбейген кіріс өндірілген өнімнің көбеюінен емес, сатып алушының, тұтынушының, яғни халықтың қалтасындағысының есебінен көбейгелі отыр деген дұрыс болар еді.*

*Демек, халық табысын арттырамыз деген Үкіметтің кірісін, керісінше халық төлеп, халықтың отбасына кіретін табысы кеміп отыр. Бірақ Үкіметтегілер мәз. Көбейген салық кірісінен жалақылары да жақсы болар, жиналыстарын жасап, ел аралап, жаңа заманға жаңғырған ештеңесі жоқ, бұрынғыдай жайбарақат жүр...*

*Амал жоқ, ақпанның 10-да Мемлекет басшысы Үкіметтің кезекті әр аптаның сейсенбісіндегі жиынына келіп, кеңейтілген жиналыс өткізді.*

*Ісің жаман, сөзің жаман дегенде, жақсысын қайдан табарсың дегендей, мақтап отырып, жаман жерін де айтты...*

- Бюджет қаржысын игерудің қазіргі критерийінен бас тартып, мемлекеттік инвестицияның тиімділігін басқаруды қысқартқан дұрыс. Бұл – маңызды міндет. Жалпы, бюджетті асығыс игеру дұрыс емес. Мұны кім шығарып жүр? Жылдың соңында бюджетті игеру керек деген жарыс басталады. Басқаша айтсақ, бұл қаржыны онды-солды шашу деген сөз. Жұмыс тәртібін қайта қараңыздар. Өйткені қазір заман басқа.

Үкімет пен әкімдер бюджеттің игерілуі қалыуына қауіптеніп, жобаларға қаржы бөлу тәжірибесін доғартып кез келді. Ең сорақысы, мұндай шешімдер субъективті түрде қабылданып, қаржы таңдаулыларға ғана беріледі. Төктергі, әркім өз білгенін жасағанды қою керек.

- Денсаулық сақтау саласында жеке-жеке жұмыс істейтін 30-дан астам ақпараттық жүйе бар. Аталған жүйелерді бірібіріне толыққанды байланыстыруды бұған дейін қанша талап етсек те, сол күйі жасалмады. Бюджет қаржысын жымқырудың басты себептерінің бірі – осы.

Салалық министрлердің көз алдында бұрын-соңды болмаған ауқымдағы алаяқтық істер жасалғаны таңғалдырады. Оның үстіне бұл әлеуметтік салада орын алып жатыр. Бас прокуратура мен басқа да өкілетті органдар қылмыстың қашан жасалғанына, оны кімдердің жасырғанына қарамастан, істі егжей-тегжейлі тексеріп, ақиқатты анықтауға міндетті. Тергеу процесін өз бақылауында ұстаймын.

- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің де барынша ашық болуын қамтамасыз ету керек. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында жалған құжат толтырып, деректерді бұрмалайтын құтқару жолдар бар екені анықталды. Мен Ұлттық құрылтайдың отырысында осы мәселеге арнайы тоқталдым.

- Тағы да айтамын. Бас прокуратура және тиісті құқық қорғау мекемелері барлық жымқыру әрекеттеріне қатысы бар адамдарды заң тұрғысынан жауапқа тартуы қажет.

- Білім саласында да неше түрлі алаяқтық әрекеттер бар болып шықты. Занды бұзған азаматтарды міндетті түрде жазаға тарту керек.

- «Самұрық-Қазына» қорына да дәл осындай талап қойылады. «Самұрық-Қазына» қоры және бірқатар ұлттық компания басшыларымен қатаң әңгіме болды. Компаниялардың құрылымын түбегейлі қайта қарап, жаңа заманға бейімдеу керек. Менің ойымша, қосшыдан басшы көп. Басшылық құрамы ел айтып жүргендей «Сол жағалаудың» адамдарына толып қалған. Олардың жұмысқа көміліп жатқан ештеңесі жоқ. Кейде не істерін білмей, әлеуметтік желілерде әркімнен пікір таластырып отырады. Бұл түбі жақсылыққа апармайды.

- Жаңа инвестициялық кезеңнің тиімді жүзеге асуы көбіне қаржы секторының белсенді атсалысуына байланысты. Бүгінде еліміздің қаржы нарығындағы жиынтық активтердің 84 пайызы банк саласына тиесілі. Дегенмен бизнеске берілетін қарыз үлесі төмен деңгейде қалып, 38 пайызды құрады. Ал екінші деңгейлі банктер былтыр «шыбық басын сындырмай», еш қиналмай 3 триллион теңгеге жуық табыс тапты.

- Шикізатты терең өңдеу – ауыл шаруашылығына да қатысты өте өзекті мәселе. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау шаралары қордаланған мәселелерді шешу үшін емес, тек осы саладағы жалпы өнімді арттыру үшін қабылданып жатыр деуге болады. Соның салдарынан әлі күнге дейін азық-түлік импортына тәуелді болып отырмыз, баға да өсуде.

Атқарушы билік бұған тосқауыл қою үшін негізінен әкімшілік шараларға жүгінеді. Үкімет осыған дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тікелей реттеуден бас тартатыны туралы айтты. Соған қарамастан, мұндай тауарлар саны 19-дан 31-ге дейін көбейді. Үкімет бұл шешімді уақытша шара деп түсіндірді. Бірақ уақытша деп басталған қана әдеттегідей тұрақты сипатқа ие болып кетпеуі керек.

- Әрбір кәсіпкер смартфон арқылы тікелей қолдана алатын біртұтас цифрлық экожүйе жасалуы қажет. Қазіргі реттеу шаралары кәсіпкерлерге әкімшілік кедергі туғызды, материалдық шығын келтіреді. Осы кедергілер мен шығындарды азайту үшін кезінде шағын және орта бизнес нысандарын тексеруге мораторий жарияланды. Бірақ мораторий мерзімі аяқталған сәтте бәрі қайтадан бұрынғы қалпына түсті. Мысалы, 2020 жылы 70 мың тексеру жасалса, былтыр бұл көрсеткіш 92 мыңға дейін артқан. Тіпті, оның 85 пайызы жоспардан тыс жүргізілген. Шаш ал десе, бас алатын мұндай әрекетті доғару керек. Мұндай тексерулердің орнына медициналық қорды немесе жекеменшік медпунктерді, әлеуметтік жеңілдіктер беру жүйесін тексеру керек еді.

- Енді «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлықты орындау мәселесіне арнайы тоқталғым келеді. Бұл жұмыс іс жүзінде емес, қағаз жүзінде ғана орындалып жатыр деуге болады. Құзырлы органдар құжатта көрсетілген тапсырмаларға атүсті қарайды. Бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасауды емес, құр есеп беруді ойлайды. Соның салдарынан Жарлықта айқындалған басты міндеттер толығымен орындалған жоқ.

Мысал ретінде мемлекеттік активтерді жекешелендіру үдерісін алып қарайық. Үкімет жеке меншікке өтуге тиіс 473 кәсіпорынның тізімін былтыр қазан айында бекітті. Бірақ активтерді саудаға шығармақ түгілі оны сатуға дайындық шараларының өзі әлі басталған жоқ.

- «Мемлекеттік мүлік туралы» жаңа заң да қабылданбады. «Қандай кедергі пайда болды? Мемлекеттік органдар неліктен өз активтерінен айырылғысы келмейді?» деген сұрақтар болуы мүмкін. Нақты себептер бар шығар, бірақ олар туралы бейхабармын. Шынын айтқанда, маған тиісті мағлұмат немесе ақпарат түскен жоқ.



## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН». БАСЫ – ТАЗАЛЫҚ, СОҢЫ – ТӘРТІП

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының іске асырылу барысы қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Бүгінде «Таза Қазақстан» ұлттық идеологияның ажырамас бөлігіне айналды. Бұл ең алдымен көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстаудан басталып, тәртіпке, жауапкершілікке баулиды. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында: «Таза Қазақстан – әдемі ұран да, науқан да емес, бұл – күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі» деп атап өтті.

Аймақта экологиялық бағдарлама аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс жүргізілуде.

Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлер демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөндеуден өткізілуде.

Демеушілер және бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды аллеясы мен Президент саябағы қайта жаңғыртылды. Оларға заманауи спорт, ойын алаңдары, модульдік-санитарлық пункттер, арнайы эко-бокстар орнатылды.

Қазіргі таңда Президент саябағы аумағында жылдың төрт мезгілінде жұмыс істейтін 300 орындық балалар тынығу лагері мен ботаникалық білім беру орталығы, Сырдария өзені үстінен Президент саябағын қаламен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі салынуда.

Бұл жұмыстар аудандарда да жүйелі жолға қойылған, жаңа демалыс орындарын, аллеяларды, көшелерді абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары қарқын алған.

Өңірде біркелкі дизайн код бекітіліп, облыс орталығынан бастап елді мекендердегі мекеме ғимараттары, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру, тұрғындарды тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Бұл маңызды жобаға соңғы үш жылда 2 млрд. 64 млн. теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

## GEZHOUBA SHIELY CEMENT COMPANY LLP АУДАН ЖОЛЫН ЖӨНДЕЙДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Gezhouba Shiely Cement Company LLP бас директоры У Чжэньхуамен кездесті. Онда «Самара-Шымкент-Еңбекші» аудандық маңызы бар автомобиль жолының жағдайы және оны жөндеу мәселесі талқыланды.

Бұл жолдың ұзындығы 6 шақырым, өткен жылғы 1 тамызда 4,3 шақырымын серіктестікке тегін пайдалануға беру туралы келісімшарт жасалған.

Қазіргі таңда аталған учаскеге күрделі жөндеу жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң

қорытындысы алынған. Жөндеу жұмыстарын бастау осы жылға жоспарланған.

Сонымен қатар, “Шиелі-Тайқоңыр” автокөлік жолына Kazatomprom ұлттық атом компаниясының еншілес мекемесі «KAP Logistics» серіктестігінің қолдауымен жөндеу жүргізілуде.

Күрделі жөндеуге 2 млрд. 555 млн. теңге бөлінген. Мердігер мекеме PK Story Group серіктестігі қолға алған жолдың ұзындығы 13 шақырым, ені 7 метр. Жол жамылғысы толық жаңартылып, белгілер мен инфрақұрылым қауіпсіздік талаптарына сай орнатылуда.

## ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕНДЕР ДЕ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, күн тәртібінде жаңадан салынған тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың қазіргі жай-күйін зерделеу мәселесі талқыланды, сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

– «Жұмыс тобымен бірге облыс аумағын-дағы пайдалануға берілген барлық нысан-ның жағдайын қайта зерделеп, анықталған кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіріңіздер. Келіпдік мерзімі бойынша мердігер мекемелерге ақауларды жөндетіп, әрі қарай күтіп ұсталуын тұрақты бақылау керек.

Бұдан бөлек, соңғы жылдары салынған жолдардың, пайдалануға берілген саябақтар, ойын алаңдары, газ, ауыз су жүйелерінің барлығын тексеріп шығыңыздар. Құрылыс алаңдарының сыртқы қоршауларының да талапқа сәйкестігін бақылау керек», – деді аймақ басшысы.

Аймақта тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытына басымдық берілгендіктен, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. 2023 жылдан бері барлық ауданда алғаш рет 1800-ге жуық пәтер тұрғындарға берілді. Өткен жылы 3600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Кезекте тұрған тұрғындарға 2 392 пәтер табыстау үшін 57 млрд. 440 млн. теңге жоспарланған.

Былтырдан бері Қызылорда қаласында заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - БАСТЫ МІНДЕТ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің басты мақсаттарының бірі- халыққа сапалы қызмет көрсету. «Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі - Қызылөзек ауылдық округінің халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектерге және өзге де жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

«Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімініңаппараты» коммунал-дық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі:«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жент, ауыл жерлерінен жер учаскелерін беру», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту».

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порта-лында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұтынушыларға ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тактайшалар орнатылған. Сондай-ақ Әкімшілік ғимаратта халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда.

**Қызылөзек ауылдық округі әкімі аппараты**

## ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАС БУЫНДА!

Қызылорда қаласында Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері А.Муслимов атындағы №101 мектеп-лицейде жас құтқарушы сыныбының оқушыларына арналған ашық сабақ өткізді. Іс-шараның негізгі мақсаты – ескелең ұрпақтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын үйрету және отансүйгіштікке тәрбиелеу.



Сабақ барысында оқушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері түсіндіріліп, өрт, су айдындары және мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша нақты әрекет ету алгоритмдері таныстырылды. Тәжірибелік бөлімде оқушылар төтенше жағдай кезіндегі дұрыс қимылдарды іс жүзінде орындап көріп, өз білімдерін шыңдады.

Сабақ соңында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және креативтілігін арттыру мақсатында сурет салу байқауы ұйымдастырылды. Байқау қорытындысы бойынша белсенді қатысқан оқушыларға арнайы марапаттар табысталып, алғыс білдірілді. Мұндай іс-шаралар жас жеткіншектердің жауапкершілік сезімін арттырып, адам өмірінің қадірін терең түсінуге ықпал етеді.

**ЕСЕНГЕЛДИЕВ Елдар Талғатұлы**

**Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты**

### ДАУ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Байқоңыр қалалық сотында талап қоюшы «И» серіктестігінің жауапкер М.-дан 113 473 теңге берешек өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс қаралды.

Тараптарға дауды татуластыру рәсім-дерінің көмегімен аяқтау жөніндегі құқық-тары түсіндірілген. Нәтижесінде тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасаған. Келісімнің шарттарына сәй-кес жауапкер талап қоюшының пайдасына ай сайын 28368 теңге төлеуге міндеттенген.

Сот ұйғарымымен тараптар арасындағы медиациялық келісім бекітіліп, іс жүргізу тоқтатылды.

**Байқоңыр қалалық соты**

### НЕГІЗСІЗ БАУ СОМАСЫ ӨНДІРІЛДІ

Қызылорда қалалық сотына талап қоюшы жауапкерден негізсіз баю сомасын өндіру туралы талап қоюмен жүгінді.

Талап қоюшыға белгісіз тұлға қонырау шалып, алдау жолымен банктен жалпы сомасы 3,1 миллион теңге несие рәсімдепті алған. Несиеден түскен 2,5 миллион теңге жауапкердің банк шотына аударылған.

Талап қоюшы жауапкерді бұрын таны-майтынын, олардың арасында құқықтық қатынас болмағанын және аталған ақша жауапкерге арналмағанын көрсетіп, жауап-керге негізсіз аударылған ақшаны қай-таруды сұрады.

Сотта талап қоюшы жіберген ақшаның жауапкердің шотына түскені банк құжат-тарымен расталып, тараптардың бір-бірімен таныс болмағаны және олардың арасында қандай да бір міндеттемелер болмағаны анықталды. Жауапкер ақшаны қайтару бойынша шара қолданбаған

және қаражатты заңды негізде алғанын дәлелдейтін айғақтар ұсынбаған.

Сот талап қоюшының талабын қанағат-тандырып, жауапкерден 2,5 миллион теңге мөлшерінде негізсіз баю сомасын өндіру туралы шешім шығарды.

**Қызылорда қалалық соты**

### АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қармақшы аудандық сотында сот актісін орындамағаны үшін Д.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Сот отырысында Д.-ның сот актісі бойынша борышкер бола тұра, өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны, алимент бойынша қарызы 2 085 661 теңгені құрағаны анықталған. Борышкер бірнеше рет жасалған ескертулерге қарамастан, ол бойынша ешқандай шаралар қабылдамаған.

Сот қаулысымен Д. ӘҚБтК 669-бабы-ның 1-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, оған 15 137 теңге айыппұл салынды.

**Қармақшы аудандық соты**

### ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Жаңақорған аудандық сотында Ә.-ға қатысты Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 603-бабының 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, Ә. көлігінің алдыңғы бөлігіне жарық құрылғы аспабын тиісті рұқсатсыз орнатып басқарған.

Сот отырысында оның құқық бұзу-шылық әрекеті өзінің кінәсін мойындаған түсінігімен, сондай-ақ іс құжаттарымен бекітілген. Сот қаулысымен құқық бұзушы Ә. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 603-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп таны-лып, оған 41286 теңгеге айыппұл салынды.

**Жаңақорған аудандық соты**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылдың 09 қаңтардағы №03-2/26 санды өкімімен Ортақшыл ауылдық округі әкімінің жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау жүргізу кестесі бойынша Ортақшыл ауылдық округінің әкімі Жәрімбетов Талғат Ерғешбайұлы Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылдық округі, Ортақшыл ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі №4 мекен-жайында жеке тұлғаларды қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 09.00-11.00-ге, жұма күні сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін. Заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау әр аптаның сейсенбі күні 09.00- ден 11.00 –ге дейін, беісенбі күні сағат 15.00 – ден 17.00-ге дейін бекітілсін.

Байланыс номері: 8(72432) 5-14-49

## ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА ҚАНДАЙ СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН?



Биылғы жылдың 6 ақпанынан бастап Милан мен Кортина қалаларында басталған қысқы Олимпиадаға қатысушы 92 елдің кемінде 37-сі өз жеңімпаздарына керемет сыйақы атапты. Жеке дара үздік шығып, Алтын медаль иеленген жеңімпазға Жаңа Зеландия 3000 доллардан бастап жүлде тағайындаса, Сингапурдың спортшысы 787000 доллар алады екен. Гонконг 768000 доллар, Польша 355000 доллар жүлделерімен

сыйақыларының жоғарылығы жағынан елдердің алдына шығыпты.

### ОЛИМПИАДА АЛТЫН МЕДАЛІ АЛТЫН БА?

Биылғы жылдың қысқы олимпиадасы жеңім-паздарына берілетін Алтын медальда 6 грамм алтын, 500 грамм шамасында күміс бар екен.

Яғни, ақшалай құны 1000\$-дан астам. Алтын мен күмістің соңғы кездері бағасы өсіп отырғанын ескерер болсақ, бұл медальдың уақыт өткен сайын құны арта береді.

Қазақстан да Алтын алған спортшыдан аянып қалып отырған жоқ. 250000 доллар жүлде екі елдің бірінде беріле бермесе керек. Мәселен Италия 213000, Кипр 177000, Болгария 151000, Литва 133000, Косово 130000, Эстония 118000 доллар жүлде жариялап отыр екен. Көршілес қырғыздар 177000 доллар.

АҚШ-тың алтын спортшылары 37500 доллар бонус алады екен. Жалпы АҚШ-пен қоса алғанда 13 мемлекеттің алтын алған әр спортшыға жүлде қоры 100000 доллар шамасы.

## АЙДА ҚАЛА САЛАДЫ



Илон Маск Марсты қоя тұрып “Айды аспанға шығарып” Айдан қала салмақшы.

Оның айтуынша Марстан гөрі Айға қала салған оңай. Марсқа 20 жыл дегенде өрең қала салуға болады. Ал, Айға қала салуға бар болғаны 10 жыл жеткілікті.

Мәселен Айға апаратын терезе әрбір 10 күн сайын ашылады, әрі жерден Айға дейін ұшып бару бар болғаны 2 тәулікке жақын. Ал, Марсқа

ұшатын терезе 26 айда бір ашылады, әрі жерден Марсқа жету жолына жарты жыл кетеді. Негізі, Илон Масктың “SpaceX” компаниясы бір 5-7 жылдан кейін Марсқа қала салуды жоспарлап жүр еді. Енді компания келесі жылдың наурызында алғашқы ұшқышсыз Starship кемесін Айға қондыруды ойлап отыр.

Марсты мазаламай, қоя тұратын шығармыз.

## ПИНГВИНДЕР ШЕРУІ

Қытайдың солтүстік-шығыс-сындағы Харвин қаласында пинг-виндер шеруі өтіпті. Олар арнайы қызметкерлердің көмегімен арнайы жолды жүріп өткен. Кейбірінің мой-нында галстуктері, ал кейбірінің арқаларында рюкзактары бар пингвиндер шеруі туристер таңданысын туғызғаны шындық.

Шеру өткен паркте бір пингвин ғана емес, морж, дельфин, ак кит, скат балыктар да шеруге шығып тұрады екен.



| МЕНШІК ИЕСІ:                                             |                                        |                                                                                                                                 |                                                                                                                           |                                                                                        |  |
|----------------------------------------------------------|----------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <b>«Желтоқсан и К» ЖШС</b>                               | <b>Редакцияның мекен-жайы:</b>         | (E-mail: a_akshamy@mail.ru)                                                                                                     | <b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000                                                                                                     | Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. |  |
| <b>Бас редактор</b><br>Сәрсенкүл Бәйдешқызы<br>БІҚОЖАЕВА | Қызылорда қаласы<br>Абай даңғылы, 59/1 | Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінен тіркеліп                                                        | Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. | Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.                                    |  |
| <b>Бас редактордың орынбасары</b><br>Айдана ӘЛИАРЫСТАН   | <b>Телефон:</b> 23-16-08<br>23-16-11   | №14611-Г «7» қараша<br>2014 жылы күәлігі берілген.<br>Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі<br>№1026-Г - 11.01.2000 ж | <b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49                                                            | Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.        |  |
|                                                          |                                        | Газет аптасына бір рет жарық көреді                                                                                             | <b>Таралу аумағы:</b><br>Қазақстан Республикасы                                                                           | Сурет сапасына редакция жауап бермейді                                                 |  |
|                                                          |                                        |                                                                                                                                 | <b>Тапсырыс</b>                                                                                                           |                                                                                        |  |



Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

# ЕЛ ИГІЛІГІ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МҮДДЕСІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ ҚАЖЕТ



Алдымызда ауқымды, маңызды міндеттер тұр. Біз әрдайым бір қадам алда жүруіміз керек. Ойланп-толғанып отыратын уақыт жоқ. Батыл, тиімді шешім қабылдап, оны жедел жүзеге асыру қажет. Шынын айтқанда, бүгінгі қаралып жатқан мәселелер – белгілі, олар Жолдауымда да, Ұлттық құрылтайда да көтерілді. Үкімет мүшелері, ие, айналамызда жүрген «сарапшылар» ел экономикасының алдында тұрған түйткілдерді шешу жолын тез арада ұсынады деп күтудің қажеті жоқ деген сияқты пайымдаулар бар екенін біз жақсы білеміз. Біз бәсекеге қабілетті ел болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті болсақ, болашағымыз да жарқын болады. Негізгі басымдықтарымыз өзгермейді. Азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет болып қала береді. Үкімет, орталық және жергілікті атқарушы органдар өз жауапкершілігін толық сезініп жұмыс істеуге тиіс. Үкіметтің бірінші кезектегі міндеті – батыл, күмәнсіз шешімдер қабылдау үрдісін жаңғырту. Ел игілігі және азаматтардың мүддесі үшін еңбек ету қажет. Әрбір тапсырма уақтылы әрі сапалы орындалуы керек. Ең бастысы, елге пайдасы тиетін нақты нәтиже болуға тиіс.

40 пайызға жуығы осы салаға бөлінді. Бірақ бұл қаражат қаншалықты тиімді жұмсалды деген орынды сұрақ туындайды. Сондықтан

**БІРІНШІ.** Инфляцияны ойға қонымды, қалыпты деңгейге түсіру қажет. Оның шарықтап кетуіне жол бермеу керек.

Инфляцияның не себепті жоғары болып тұрғаны белгілі, кеселдің себебі анықталды. Енді осы мәселені шешу керек. Бірақ ұсынылатын шаралар елдің дамуына кері әсерін тигізбеуі қажет. Дәл осы тұста түрлі пікір айтылып жатыр.

Үкімет пен Ұлттық банкке бірлесіп нақты іс-қимыл алгоритмін әзірлеуді тапсырамын. Осы маңызды жұмысқа барлық мекеме өкілдері мен сарапшылар қатысуға тиіс. Тағы да қайталап айтамын: қолайсыз ахуалды шұғыл ретке келтіру қажет.

Биылдан бастап үш жыл қатарынан инфляцияны төмендету үшін нақты шаралар қабылдау керек. Бірлескен іс-қимыл бағдарламасын сапалы орындау айрықша маңызды. Мәселені шешудің орнына бос сөзді көбейтіп, қажетсіз «жол карталарын» әзірлеу – жауапкершіліктен қашу деген сөз. Алдын ала ескерту: ондай жағдайда қатаң шара қолданылады. Халықтың табысы артса ғана, нақты нәтижеге қол жеткіздік деп санауға болады.

**ЕКІНШІ.** Жаңа Салық кодексінің тиімді енгізілуін қамтамасыз ету керек.

Биыл күшіне енген Салық кодексі экономикадағы ашықтық пен тәртіпті күшейтуге ынталандырады. Қазірдің өзінде алғашқы оң нәтижелерін көріп отырмыз. Экономика министрлігінің мәліметіне сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған жаңа салық режимі іске қосылғалы бері 180 мыңнан астам жаңа салық төлеуші заң аясында әрекет ете бастады.

Үкіметтің бағалауынша, салық реформасының нәтижесінде биыл бюджетке қосымша 4,4 триллион теңге түседі.

Жоспар, әлбетте, көңілге сенім ұялатады. Бірақ қайталап айтамын: белгіленген көрсеткіштерге шамадан тыс салық салу, бизнесті заңсыз немесе негізсіз қыспаққа алу есебінен жетуге болмайды.

Бюджетті тиімді салықтық әкімшілендіру арқылы толықтыруға болады деп ойлаймын. Сондықтан салық жүйесін жаппай цифрландыруға шұғыл кіріскен жөн.

Жазалаушы менталитеттен арылатын кез келді. Салық органдары мен салық төлеушілер арасында серіктестік және өзара сенім қағидаты орнығуға тиіс. Мемлекет пен бизнестің тиімді ықпалдастығын жолға қою керек. Мұндай серіктестік әділдікке, өзара тиімділікке, тіпті экономиканы дамытудың маңызын түсіну тұрғысынан алғанда жауапкершілікке құрылуға тиіс деп ойлаймын.

**ҮШІНШІ.** Цифрлық мемлекет құру мәселесіне айрықша көңіл бөлу керек. Бұл Қазақстанның болашағына тікелей әсер етеді.

Жаңа ғана бұл саланың еліміз үшін стратегиялық маңызы туралы айтып кеттім, баршаға түсінікті деп ойлаймын. Сондықтан жұмысқа селқос қарап, жайбарақат жүруге болмайды. Әйтпесе, қолдағы мүмкіндіктен айырылып қаламыз.

Цифрлық тәсілдер арқылы артық шығынды қысқартып, әкімшілік кедергілерді еңсере аламыз. Басқару ісіндегі тиімсіз шешімдерді барынша азайтуға болады.

Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен, сондай-ақ Ұлттық банкпен бірлесіп жыл соңына дейін мемлекеттік мәліметтерді басқарудың біртұтас жүйесін құруды тапсырамын.

Үкіметке бірыңғай цифрлық платформаға көшуге тура келеді. Бұл – маңызды міндет. Бұған дейін ведомстволардың бәрі цифрландырумен ешқандай бағынаусыз, өз бетінше айналысып келді. Бұл техникалық проблемаларды көбейтіп қоймай, қазына қаржысын онды-солды шашуға әкеп соқты.

Цифрлық трансформация кезеңінде, ең алдымен, жеке адамның мүддесіне нұқсан келуі мүмкін. Сондықтан дербес деректердің сенімді қорғалуын қамтамасыз етуге айрықша назар аудару керек. Дербес деректердің тарап кетуі, онлайн-алаяқтық, жасанды интеллектің қылмыс құралы ретінде пайдалану – мұның бәрі біздің елде де, шетелде де қалыпты жағдайға айналды.

Біз Қаржылық мониторинг агенттігі мен басқа да құқық қорғау органдарын жұмылдырып, киберқылмыспен және алаяқтықпен күресу үшін нақты шаралар қабылдап жатырмыз. Ұлттық антитеррористік полицияны қолдай отырып, азаматтың алаяқтардың арбауынан сақтап қалды.

Үкіметке тиісті мекемелермен бірге киберқауіп-сіздікті қамтамасыз ету және азаматтардың деректерін қорғау мәселесін кешенді түрде мұқият сарапалап, қарауды тапсырамын. Бұдан бөлек, жақында Ұлттық құрылтайда атап өткенімдей, цифрлық дербес деректерді қорғау мәселесі конституциялық деңгейде бекітіліп, айқындалуы керек.

Әлеуметтік саланы цифрландыру мәселесі де өте маңызды. Былтыр республикалық бюджеттің

Үкімет үй шаруашылықтарының әлеуметтік цифрлық профилін қалыптастыруға тиіс. Сонда әлеуметтік көмек те шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға беріледі.

Қаржылай төлемақыннан бастап, азық-түлік, дәрі-дәрмек, баспана немесе білім алуға берілетін вәучерлерге дейінгі қолдаудың барлық түрі банк және төлем инфрақұрылымымен тығыз байланысқан «Әлеуметтік әмиян» арқылы берілуіге тиіс.

Үкімет әкімдіктермен бірге осы тәжірибені барлық жерде кеңінен қолдануы керек. Сондай-ақ бұл тәсілді жыл соңына дейін тездетіп іске қосуы қажет.

Менің байқауымша, Үкімет отандық Aitu мессенджеріне тиісті деңгейде көңіл бөлмей отыр. Тіпті оны мемлекеттік қызметкерлер де пайдаланбайды.

EGov AI деп аталатын әмбебап жасанды интеллект-көмекшісін (ассистентті) әзірлеу керек. Барлық азаматқа қолжетімді болатын осы жүйе біртіндеп Халыққа қызмет көрсету орталықтарының орнын басады.

Әлеуметтік қолдау шараларын басқаратын инфрақұрылымды, яғни Бірыңғай цифрлық әлеуметтік қорғау платформасын нақты айқындап алу қажет.

Білім саласында бірқатар жүйелі проблемалар бар екенін Ұлттық құрылтай отырысында айттым. Олар жекеменшік білім беру ұйымдарын қолдауға да, мемлекеттің мектептер мен жоғары оқу орындарын қаржыландыру тетіктеріне де қатысты.

Білім саласындағы «экономиказация», яғни қаржыны текке шашпай, жүйелі жұмсау үдерісін жалғастырған жөн. Бұл ретте балабақшадан бастап университеттерге дейінгі барлық деңгейде мемлекеттік қаржыландырудың тиімділігін түбегейлі арттыруға баса мән беру қажет. Жаңа деректер анықталғаннан кейін бұл маңызды міндетке айналды.

Елімізге жасанды интеллектті кез келген салада қолдана білетін кәсіби мамандар қажет. Олар нақты жұмыс орындарындағы еңбек өнімділігін арттырады.

Осыған орай Үкіметке жетекші компаниялармен бірлесіп, мемлекет пен жеке серіктестік негізінде Ұлттық мамандықтар трансформациясы орталығын құруды тапсырамын. Ол орталықты мемлекеттік емес компаниялардың консорциумы басқарғаны дұрыс. Өйткені бизнес тезірек бейімделеді әрі нарық талаптарын жақсы біледі.

Өз кезегінде, Үкімет ережелерді айқындап, ашықтық пен сұранысты қамтамасыз етуге, тиімді шешімдерді жаппай таратуға көмектесе алады.

**ТӨРТІНШІ** мәселе. Біз толыққанды жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз керек. Бұл – стратегиялық маңызды бар міндет.

Жалпы, қазір елдегі инвестициялық ахуал жақсы деп айтуға болады. 2022 жылдан бері жинақталған тікелей инвестиция көлемі 84 миллиард доллардан асты. Негізгі капиталға салынған инвестиция шамамен 50 пайызға артты.

Бірақ былтыр елімізге тартылған тікелей инвестицияның көлемі өссе де, оның қарқыны әлі де баяу болып тұр.

Мемлекет жеке капитал ролін өзіне алудан бас тартуы қажет. Жеке капитал тартуға қолайлы жағдай жасау үшін біраз еңбектену қажет. Ал қаржыны қазынадан алып, оны инвестиция деп көрсете салу әлдеқайда оңай. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмей, нарықтық экономика қағидаттарына бағыну қажет.

Бізге жаңа әрі сапалы инвестиция тартуға арналған біртұтас стратегия қажет. Бұл стратегияда, ең алдымен, жоғары технологиясы бар заманауи өндірістер ашуға басымдық берілуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жеке бизнес айрықша рөл атқарайды. Кәсіпкерлер экономикамызға сапалы инвестиция салу арқылы жұмыс орындарын ашады, жұрттың табысын арттыруға үлес қосады.

Біз «Бәйтеректі» инвестициялық холдинг ретінде қайта құрдық. Мұндай қадамның нақты себебі болды. Холдинг нарықтық экономикаға серпін беруде, бірақ бұл қадам жеке бастамаларды шектемеуге тиіс.

Инфляция деңгейі тұрақталып, төмендегеннен кейін нарық қағидаттарын күшейту керек болады. Даму институттары бизнеспен және қаржы секторымен тиімді қарым-қатынас орнатуы қажет. Бұл қатынас бәсе-келестікке емес, өзара серіктестікке негізделуі керек.

Елімізде инвесторлардың қызығушылығын арттыратын салалар көп. Осы салаларды дамыту үшін мемлекет пен бизнес арасында сындарлы ынтымақтастық болуға тиіс. Әсіресе, сирек кездесетін металдар, мұнай-газ химиясы, цифрлық инфрақұрылым, жанарғылымы энергия көздері, көлік және агроөндіріс салаларына баса мән берген жөн.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды тәсілдің бірі – ұзақ мерзімге арналған оптейк-келісімшарттар жасау. Бірақ қазір елімізде мұндай келісімшарт жасаудың бірыңғай әрі түсінікті ережесі жоқ. Оның үстіне, мемлекеттік

органдар селқостық танытуда. Соның салдарынан стратегиялық маңызы бар бірқатар инвестициялық жоба іске аспай жатыр.

Үкімет пен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне осы мәселені шешу үшін тиімді шаралар қабылдауды тапсырамын.

Менің шетелге сапарларым және инвесторлармен кездесулерім барысында қол жеткізілген келісімдердің орындалуына баса мән беру қажет. Коммерциялық келісімдердің жалпы құны былтырдың өзінде шамамен 75 миллиард доллар болды. Жұмысты созбалаңға салу және қол қойылған келісімдерді орындамау деген мәселе болмауға тиіс. Бұл жұмысты орындауға Президент Әкімшілігі де жауапты.

Ашығын айту керек, бізде мынадай жағымсыз үрдіс пайда болды: жоғары басшылық деңгейіндегі келіссөздердің алдында өте белсенді жұмыс жүргізіледі, ал кейін тым-тырысы болып қалады.

Мекемелер арасындағы бітпейтін өзара келісу әрекетін доғару керек. Үкімет мейлінше дербес болуды сұрады, дербестік берілді, енді іс жүзінде соны дұрыс қолдануы керек. Қол қойылған әрбір құжат алдын ала сапалы түрде дайындалып, орындалу мерзімдері нақты айқындалуы қажет. Жұмыстың нәтижесі үшін бірінші басшыларға жеке жауапкершілік жүктеледі.

Мемлекет инвесторлар алдындағы міндеттемелерін толық орындауы керек. Елге сенім, іскерлік бедел осылай қалыптасады.

Үкімет Қазақстанның инвестициялық әлеуетін көтеруге, бәсекелік артықшылықтарын дамытуға баса мән бергені жөн.

Мемлекет пен жеке серіктестік – экономикаға инвестицияның келуін ынталандыратын маңызды құралдың бірі. Бұл тетікті оңтайлы пайдалана алсақ, инвестициялық түсекемді мемлекет пен бизнес арасында тиімді бөлуге мүмкіндік туады.

**БЕСІНШІ.** Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптас-тыруға бағытталуы керек.

Бұл салада біраз жетістік жеттік. Былтыр өңдеу өнеркәсібі тұрақты дамып, 6,4 пайызға өсті. Бірақ өңделген тауар экспорты 2,7 пайызға төмендеді. Бұған жалпы экспорттың 4,2 пайызға азайғаны да әсер етті. Өнеркәсіп саясатының басты кемшіліктері дәл осы тұста анық байқалды.

Бұл салада шикізат өндірушілердің үлесі әлі де басым. Бірақ бұл оларға кедергі жасауға болады деген сөз емес, керісінше, оларға көмегімізді әлдеқайда күшейтіміз қажет. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібіне баса назар аудару керек.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өнімнің 40 пайыздан астамы металлургияға тиесілі. Ал металлургия секторында экспортқа шығарылатын тауардың жартысынан көбі – төмен деңгейде өңделген өнімдер. Соның салдарынан, шикізатты сыртқа шығарамыз да, одан жасалған дайын өнімді басқа елдерден сатып аламыз. Парадокс. Мұндай тәжірибені доғару керек.

Шикізат экспорттанғаннан гөрі, одан дайын өнім өндіріп, сыртқа шығару әлдеқайда пайдалы. Өрине, бұл оңай міндет емес. Бірақ үлгілі кәсіпорындар бар, мысалы, «Qatmet». Қанша қиындыққа тап болса да, ондағы өндірістік және әлеуметтік процестерде оң өзгерістер орын алып жатыр.

Бұл мәселеде «артық қылам деп, тыртық қылуға да» болмайды. Өңдеу саласын дамытамыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек. Үкі-меттің саясаты ақылға қонымды, байыпты болуға тиіс.

Еліміздің импортқа түзелділігі туралы айтқанда мұнай саласындағы күрделі ахуалға тоқталмай кетуге болмайды. Қазақстанда жылына шамамен 100 миллион тонна мұнай өндіріледі, бірақ елімізде соның тек 18 миллион тоннасы ғана қайта өңделеді. Соның салдарынан біз мұнай өндіруші ел болсақ та, жыл өткен сайын дизель отыны бойынша тапшылық пайда болып жатыр, авиациялық керосин бойынша да импортқа түзелді болып отырмыз.

Сондықтан отынға деген сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, елімізде жұмыс істеп тұрған мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту керек. Бұл жұмыс-ты жедел орындау қажет. Аталған қадам бір жылда өңделетін мұнай көлемін 9 миллион тоннаға арттыруға мүмкіндік береді (18,4 миллион тоннадан 27,4 миллион тоннаға дейін). Бұл – министрліктің мәліметі.

Үкімет жаңа мұнай өңдеу зауытының құрылысына қатысты байыпты шешім қабылдауы қажет. Ең алдымен, мұнай өңдеу зауытына шикізат қайдан жеткізілетінін, қандай өнімді және қанша көлемде өндіретінін дұрыс есептеу керек. Бұл жұбаны іске асыруға (егер жүзеге асса) жеке инвестор тарту керек болады. Бүгінде мұндай ірі жобаны тек мемлекет қаржысына салу өте тиімсіз. Жаңа мұнай өңдеу зауытының құрылысы жөнінде әлі де ойлану қажет. Мәнінше, жобаның құнын мұқият есептеген абзал.

Қажетті жағдай болса да, осы кезге дейін елімізде мұнай-газ химиясы өз алдына жеке сала болып қалыптасқан жоқ.

Өзіміз шығарылатын полимерді барынша өңдеу ісі жолға қойылмаған. Бұл материалдан автобөлшектер, тамшылап суаруға қажетті құралдар,

медициналық жабдықтар, ыдыс-аяқ және басқа да көптеген өнім шығаруға болады. Осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсету керек. Соның ішінде лизингпен құрал-жабдық, жеңілдікпен несие беру қажет. Бұл қадам азық-түліктен өзге өнімдердің бағасын төмендетуге зор мүмкіндік береді.

Биыл Мал шаруашылығын дамыту жоспары жасалды. Бұл құжат осы саладағы олқылықтарды жойып, оның дамуына жол ашуға тиіс. Енді ақыры не болатынын көреміз. Мен Жолдауымда және «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда шағын шаруашылықтарды кооперацияға біріктіру қажеттігін айттым. Бұл жерде шетелдік тәжірибені үлгі ретінде алуға болады. Мыса-лы, Нидерландының жүйесін алсақ, онда шаруалар кооперациясының нақты әрі біздің жүйесі бар. Соның арқасында олар құны 130 миллиард доллар болатын ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттап отыр.

Шаруаларды жаңа үлгідегі кооператив құруға ынталандыру керек. Ол үшін Үкімет батыл шаралар қабылдауға тиіс. 1 қыркүйекке дейін Ауыл шаруашы-лығы кооперациясы туралы жаңа заң дайындауы қажет.

**АЛТЫНШЫ.** Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті кеңінен қолдану кәсіпкерлікті қарқынды дамытуға зор мүмкіндік береді.

Жалпы ішкі өнімінің 40 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестицияның 70 пайызға жуығы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Бұл – кейінгі жылдары жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесі. Дегенмен қазір табысқа риза болып отыратын заман емес. Елімізде азаматтардың бизнеспен жаппай айналысуына мән беріліп, оған барынша жағдай жасалып жатыр. Бірақ мұндай шара бүгінгі таңда азық етеді. Үкімет кәсіпкерлікті дамыту ісінде енді, ең алдымен, сапаға айрықша көңіл бөлуі керек.

Мемлекеттік көмекті бизнестің технологиялық деңгейіне және санатына қарай сарапалап беру қажет. Шағын бизнесті қолдау шаралары нақты әрі тиімді болуға тиіс. Кәсіпкерлерді «күнкоріс режимінен» шығып, тұрақты даму жолына түсетуе ынталандыру маңызды.

Шикізаттық емес сектордағы даму әлеуеті жоғары орта бизнесті қолдау шаралары дайын өнім сататын нарық ауқымын кеңейтуге ықпал етуі қажет.

Үкімет «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, шағын және орта бизнесті қолдау саясатын түбегейлі өзгерту туралы ұсыныс әзірлеуі керек. Ұсыныстар 1 сәуірге дейін енгізілуі тиіс.

Реттеушілік реформаның жаңа кезеңіндегі басты міндет – блокчейн мен жасанды интеллектті пайдалану арқылы цифрлық модельге толық өту.

Бұл ретте «Реттеуші сары парактар» (Regulatory Yellow Pages) қағидаты басшылыққа алынуға тиіс. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аталған жұмысты жыл соңына дейін аяқтауы қажет.

**ЖЕТІНШІ.** Жаңа экономикалық үлгіге көшу барысында көлік логистикасын дамытуға жете мән беру қажет. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет.

Қазақстанның Еуразия құрлығындағы бірегей орнын тиімді пайдаланбасақ, бұл халқымыз кешірмейтін стратегиялық олқылық болуы мүмкін. Сондықтан бұл міндеттің мән-мағынасы ерекше.

Көлік-тасымал саласы өнеркәсіп және инвестиция саясатымен бірге біртұтас жүйе ретінде қаралуы керек. Осы кезге дейін инфрақұрылымдық рөл басым болған транзит саласы енді экономикалық сипатқа ие болады. Жаһандық бәсеке күшейіп тұрған қазіргі заманда, бұл – өте маңызды қадам.

Қазір еліміздегі тауардың 60 пайызы теміржолмен тасымалданады. Сондықтан теміржол желілерін барынша дамыту – айрықша маңызды міндет. Бүгінде бірқатар ірі инфрақұрылым жобасының құрылысы аяқталды. Теміржол арқылы жүк тасымалдау мүмкіндігі едәуір жақсарып, теміржолдың жалпы жағдайы тұрақталды. Десек те, еліміздің теміржол транзиті саласындағы әлеуетін толығымен пайдалануымыз қажет. Алайда бұл маңызды мәселе бойынша анық, айқын стратегия әлі жоқ сияқты. Тозығы жеткен теміржол инфрақұрылымы әлі де көп. Кейбір жерлердегі ахуал тіпті күрделі деуге болады.

Биыл «Мойынты – Қызылжар», «Дарбаз – Мактаарал» бағытындағы жаңа теміржол желілерін іске қосу керек. Сондай-ақ «Алтынкөл – Жетіген» және «Бейнеу – Маңғыстау» теміржолын жаңғырту жұмыстарын аяқтау қажет. «Бақты – Аягөз» желісін уақтылы пайдалануға беру керек. Аталған мәселелер туралы жиі айтатын болдық, енді нақты нәтижеге куә болайық. Жұмыстың қарқынын бәсеңдетуге болмайды.

Үкімет биыл транзиттік тасымал көлемін шамамен 65 пайызға, яғни 55 миллион тоннаға дейін көбейтеміз деген ауқымды міндет қойып отыр. Ал «Қазақстан темір жолы» компаниясының басшысы өз ақпаратында бұл жоспарға күмән келтіріп отыр.

Мәселе – бізде емес, іргелес мемлекеттердің жо-сарлары мен мүмкіндіктерінде. Бұл мәселені енді анықтау қажет. Осыған орай, «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы қажет-ті шараның бәрін қабылдауға тиіс. Соның ішінде цифрлық жаңғырту, яғни трансформация жұмыстарын аяқтау қажет.

Жүк тасымалдаушылардың бәрине ашық және бірдей қолдау көрсетілуі тиіс. Ол үшін ұлттық оператордың жүк вагондарын беру жұмысын толық цифрландырып, ретке келтіру керек.

Теміржол саласындағы тариф саясатын реформалау – кезек күттірмейтін міндет. 1 қыркүйекке дейін жаңа тариф саясатының тұжырымдамасына қатысты түпкілікті шешім қабылдануға тиіс. Тариф саясаты, бұл – аса маңызды тақырып, көлік стратегиямыздың өзегі саналатын мәселе.

Үкімет теміржолмен қатар автокөлік тасымалын дамытуға қатысты ірі жобаларды да жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алуы қажет. Мен «Қарағанды – Жезқазған», «Орталық – Батыс», «Ақтөбе – Ұлғайсын» бағытындағы жолдың және Қызылорда, Сарыағаш, Рудный қалаларының сыртындағы айналма жолдың құрылысы туралы айтып отырмын.

Автокөлік тасымалын дамыту туралы айтқанда, ең алдымен, жолдың сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелер шешімін табуға тиіс. Жаңа жылға дейін жасанды интеллектті пайдалана отырып автокөлік қозғалысын реттейтін цифрлық платформаны іске қосу керек.

(Үкіметтің кеңейтілген жиынында сөйлеген сөзінен ықшамдалды)



# ӘКІМДЕРДІҢ ЖОСПАРЫ ҚАНДАЙ?

Сырдария ауданының әкімі Б.СӨРМЕНБАЕВ:

## 1,7 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН 4 ЖОБА



Біз өткен жылдан бастап Президентіміздің және аймақ басшысының қолдауымен ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға байланысты бірқатар келіссөздер жүргіздік. Алдағы жылдары ауданда құны 1,7 триллион теңгені құрайтын 4 жобаны іске асыру жоспарлануда. Жобалар ұлттық цифрлық платформаға енгізілген.

Мемлекет басшысының ерекше қолдауымен ауданда 2026-2028 жылдары «Қызылорда Энерджи ЛТД» серіктестігінің «Қуаттылығы 1100 МВт бу-газ қондырғысының құрылысы» жобасын жүзеге асыру жоспарлануда.

Құны 1,6 триллион теңгені құрайтын жобаға 280 гектар жер учаскесі анықталып, резервке алынды (100 гектарына газ-электр станциясы салынады).

Құрылыс жұмыстарын биыл бастау жоспарлануда.

Жоба жүзеге асқанда 510 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Екінші – Ұлттық цифрлық платформа бойынша «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» серіктестігінің «Жүгері дақылын терең өңдеу зауытын салу» жобасының құны – 40 млрд. теңге.

Аймақ басшысының қолдауымен 2026-2027 жылдары жүзеге асатын жоба аясында инвестор бірінші кезеңде кептіру қондырғысын орнатады. Қазіргі таңда 35 гектар жер дайындалып, құрылыс жұмыстары басталуда. Жоба іске асқанда 500 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Үшінші – «СЕПМЕМ» компаниясымен «Газ өндіру зауытының құрылысы» жобасына байланысты келіссөздер жүргізілуде. Жоба құны 41 млрд. теңгені құрайды. Жобаны компания толық қаржыландырып, меншікті технологияларды, негізгі жабдықтарды және инженерлік құрылыс қызметтерін жүргізеді. Қазіргі таңда қажетті 20 гектар жер телімі нақтыланды. Жоба жүзеге асқанда 100 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Төртінші – Шаған ауылындағы құны 3,7 млрд. теңгені құрайтын «Қуаттылығы 400 басқа арналған тауарлы сүт фермасының құрылысы» жобасы. Жобаны «Раманов» шаруа қожалығы биыл бастап, 2027 жылы іске қосуды жоспарлап отыр. Жоба аясында 15 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Шиелі ауданының әкімі А.Н. ЖАНДАРБЕКОВ:

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Жыл сайын ауданда жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың саны артып келеді.

Жобалық құны 88,2 млрд. теңгені құрайтын 10 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру басталды. Оның ішінде, «Тесис» ЖШС-ның «қуаттылығы 40 МВт күн электр станциясы», «VIGOR Holding» ЖШС-ның «қуаттылығы 20 МВт күн электр станциясы», «Эко Энерджи Плюс» ЖШС-ның «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» тас жолының бойынан газ заправкасы мен сервистік қызмет көрсету кешені, «Ақмам» ШҚ-нің (Жұмбаев Дәулет) «Күріш ақтау зауыты», «Таң ЛТД» ЖШС-ның «Жүгері дақылдарын кептіру және терең өңдеу», «Transshipment 1» ЖШС-ның Сұйық реагенттер (күкірт қышқылы) қоймасы, «Шиелі әк» ЖШС-ның жылына 1 млн. тонна әк өндіру зауыты жобалары өз жұмысын бастайды. Қалған жобалар кезең-кезеңімен іске қосылатын болады. Атап айтқанда.



құжаттары даярлануда.

5. «Табиғи тас Қызылорда» ЖШС-нің «Жоғары сортты әк өндіру және қиыршық тас өндіру зауыты» жобасы. Жоба құны 12,3 млрд. теңге. Мемлекеттік қолдау шарты ретінде индустриалды аймақтан 10 га жер телімі сұралуда. Жаңа жұмыс орны - 85 адам.

6. «Эко Энерджи Плюс» ЖШС-ның «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» тас жолының бойынан газ заправкасы мен сервистік

қызмет көрсету кешені жобасы. Жоба құны 1,5 млрд. теңге. Жаңа жұмыс орны-27 адам. Мемлекеттік қолдау шарты ретінде Туран аудандық округі тұсынан 2 га жер телімі табысталды. Қазіргі таңда құрылыс 70 пайызға орындалды.

7. «Ақмая» ШҚ-нің (Жұмбаев Дәулет) «Күріш ақтау зауыты» жобасы. Жоба құны 300 млн. теңге. 10 адам жұмыспен қамтылады. Бүгінгі күні күріш зауытқа қажетті құрал жабдықтар Қытай Халық Республикасынан жеткізіліп, күріш ақтау зауыты қыркүйек айынан бастап іске қосылып жұмыс жасауда.

8. «Таң ЛТД» ЖШС-ның «Жүгері дақылдарын кептіру және терең өңдеу» жобасы. Жоба құны 200 млн. теңге. 15 адам жұмыспен қамтылды. Шиелі кентінен зауыт құрылысы үшін 5 га жер телімі бөлінуде.

9. «Transshipment 1» ЖШС-ның Сұйық реагенттер (күкірт қышқылы) қоймасы. Жоба құны 1,5 млрд.теңге. 50 адам жұмыспен қамтылады. Жобаның құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды.

10. «Шиелі әк» ЖШС-ы, жылына 1 млн. тонна әк өндіру зауыты, Қытайлық инвесторлармен жобалық құны 20 млрд. теңгені құрайтын жаңа жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Жоба құны 1 кезеңде 5 млрд.теңге (әк өндірісі), 2 кезең 15 млрд.теңге (Миниралды порошок өндірісі), Зауыт толықтай іске қосылғанда жаңадан 40 адам жұмыспен қамтылу жоспарлануда. Бүгінгі күні, зауыттың ірге тасын қалау жұмыстары жүргізілуде.

Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов:

## КӨШЕЛЕР МЕН КӨПІРЛЕР ЖӨНДЕЛЕДІ



құрылысы жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жеңімпаз мердігер мекеме анықталды. Жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтімді тапсырылды. Жобаны аяқтауға қажетті қаржы 288,3 млн. теңге.

2. М.Шаменов ауылының Тәшімбетов көшесін күрделі жөндеу. Жоба құны – 167,1 млн. теңге.

3. Аққұм елді мекенінің айнала жолын реконструкциялау. Жоба құны – 196,5 млн. теңге.

4. Мырзабай ахун ауылының К. Оспанов және Жанаканов көшелерін күрделі жөндеу. Жоба құны – 591,9 млн. теңге.

5. Мәдениет ауылының Жаңаканов көшесін күрделі жөндеу. Жоба құны – 199,8 млн. теңге.

6. Жанаталап ауылының 2 көшесін күрделі жөндеу. Жоба құны – 128,0 млн. теңге.

7. Ақсу ауылының 3 көшесін күрделі жөндеу. Жоба құны – 106,9 млн. теңге.

8. Есет батыр ауылының 4 көшесін күрделі жөндеу. Жоба құны – 248,2 млн. теңге.

9. Т. Жүргенов ауылының 8 көшесін күрделі жөндеу. Жоба құны – 677,9 млн. теңге.

10. Жанакановы – Таң бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау. Жоба құны – 287,6 млн. теңге.

11. «Самара – Шымкент – Мәдениет – Т. Жүргенов – Жанаталап – Аққыр» бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолында «Қорқытбай» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін қайта жаңарту. Жоба құны – 77,0 млн. теңге.

12. «Самара – Шымкент – Таң» бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы Бозарық каналы арқылы өтетін көпірді қайта жаңғырту. Жоба құны – 350,6 млн. теңге.

13. «Самара – Шымкент – Мәдениет – Т. Жүргенов – Жанаталап – Аққыр» бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолында «Пирман» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін қайта жаңарту. Жоба құны – 97,9 млн. теңге.

Аймақ басшысының аудандардың шеткі аймақтарында орналасқан елді мекендерін дамыту тапсырмасына сәйкес Жаңадария, Аққыр елді мекендерінің 5 көшелерін күрделі жөндеуден өткізуге ағымдағы жылға бюджеттен 565,0 млн.теңге қаржы бөлінді. Аталған ауылдардың көшелерінің мәселелері толық шешімін табатын болады.

Арал ауданының әкімі А.ОҢҒАРБАЕВ:

## ӘЛЕМГЕ БЕЛГІЛІ АРАЛДЫ ТУРИСТЕР АЙМАҒЫНА АЙНАЛДЫРАМЫЗ

Арал теңізі мәселесіне шетелдіктер мен халықаралық қорлардың назарын аудару, өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған маңызды жобалар елді Үкіметінің және аймақ басшысының тікелей назарында екенін айта кеткен жөн. Осы мәселелер бойынша ауданға бірнеше мәрте үкіметтік делегация өкілдері келді. Тіпті әлемдік, халықаралық банктер мен қорлардың өкілдері, елшілер келіп, экологиялық апат аймағына, теңізге деген жанашырлықтан туындаған әр бастамаға қаржылай қолдау беріп, жобаға жан бітіруге ынталы болғандығын айтуға тиіспіз.

Сыр өңірінде туристік аймақ ретінде танылып келе жатқан аудандардың бірі Арал ауданы екені белгілі. Ауданда Орта Азияда алғаш болып «Geopark Aral» туристік орталығы ашылды. Аталған нысан тек инфрақұрылымдық жоба емес. Бұл Арал өңірінің табиғи, тарихи, геологиялық, мәдени және экологиялық бай мұрасын сақтау мен танытудың, сондай-ақ халықаралық стандарт-

тарға сай туристік орталық болмақ.

Айта өтейік, «GEOPARK ARAL» – ЮНЕСКО жаһандық геопарктерінің қатарына енуге ниетті Қазақстандағы бірден-бір бастама. Бұл жоба экотуризмді дамыту, халықты экологиялық біліммен қамту, тұрақты табыс көзін қалыптастыру және Аралдың бай мұрасын келер ұрпаққа жеткізуді мақсат етеді. Қасиетті топырақтың қойнауында сақталған сыр мен шежіре енді әлемге геотуризм арқылы таныстырылмақ.

Біз осы жоба арқылы ЮНЕСКО-ның жаһандық геопарктерінің қатарына қосылсақ 5 туристік нысанды халықаралық деңгейде дамыту үшін халықаралық қорлардан қомақты қаржы тартуға мүмкіндік алатын боламыз.

Жалпы ішкі және сыртқы туризм бағытында келуші қонақтарға 40-қа жуық қоғамдық тамақтану нысандары қызмет көрсетуде.



Сонымен қатар ішкі және сыртқы туризм бойынша 10 объекті белгіленген. Олар Қамбаш жағажайы, Көкарал бөгеті, Ақспедегі «Ыстық су» бұрқағы, Шигаға аққұмы, Көкарал су плотинасы, Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы, Кердері 1-2 аймағы, Арыстанбаб кесенесі, Аралтұз зауыты, Бегім ана кесенесі туристік нысан болып белгіленген.

Жыл басынан бері ішкі туристер саны 14 мыңнан асса, өзге елден келген туристер 900-ден асып отыр. Біз бұл сала бойынша қолға алынатын тиіс жұмыстарды одан әрі жалғастырып, әлемге белгілі Аралды туристер тоқтайтын қойлайы аймаққа айналдыруды көздейміз.

Жаңақорған ауданының әкімі М.САМИТОВ:

## ГАЗДАНДЫРУ КӨРСЕТКІШІ ХАЛЫҚ САНЫНА ШАҚҚАНДА 52 ПАЙЫЗ

Аудандағы 8 елді мекен табиғи газға қосылған. Газдандыру көрсеткіші халық санына шаққанда 52 пайыз, елді мекендер бойынша 22,8 пайызды құрайды.

2025 жылы аудандағы 6 елді мекенді газдандыру, сондай-ақ, ірі өндіріс орындарын қажетті газбен қамтамасыз ету мақсатында жаңадан қуаттылығы 20 мың текше/сағат болатын Жаңақорған автоматты газ тарату станциясы салынды. Өткен жылдың 18 қарашасында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулының қатысуымен газ тарату станциясы іске қосылды. Жоба құны 2,3 млрд теңге.

Сондай-ақ, Сырдария өзенінің батысында орналасқан Қожакент, Өзгент, Ақсуат, Аққол, Жаңарық, Қыркенсе елді мекендерін газдандыруға жалпы құны 7,1 млрд. теңге болатын жоба-сметалық құжаттары демеушілікпен әзірленді. Бұл жобалардың құрылыстары «ҚазақгазАймақ» акционерлік қоғамының 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық жобаларының шеңберінде быылғы жылы басталады деп күтілуде.

Сондай-ақ 2023 жылы ауданымыздың солтүстігіндегі 5 елді мекенді (Сунақата, Еңбек, Екпінді, Қожамберді, Сүттіқұдық) газдандыруға 5,6 млрд. теңге болатын жобалар әзірленіп, жоғары тұрған бюджеттерден қаржыландыруға ұсынылды. Осы 5 елді мекенді газдандыру үшін жоғары қысымды газ желісін тарту жобасы жасалып, биылғы жылы республикалық бюджеттен 100 млн. теңге(жоба құны 251 млн. теңге) бөлінді. Жақын арада құрылыс жұмыстары басталатын болады. Бұған қоса демеушілер есебінен 30 млн. теңгеге Бесарық елді мекені тұсында автоматты газ тарату станциясын салуға жоба - сметалық құжаттамасы әзірленіп, қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өткізілуде.

Қармақшы ауданының әкімі Жандос ЕРКІНБЕК:

## ИППОДРОМ ҚҰРЫЛЫСЫ БИЫЛ АЯҚТАЛАДЫ

2025 жылы желтоқсан айында Өңірлік үйлестіру кеңесімен жалпы құны 30,0 млрд. теңге болатын екі жобаны іске асыру мақұлданып, қазіргі таңда жер учаскелерін беру бойынша құжаттары рәсімделуде. Оның бірі«G Power Energy» (Джи Пауэр Энерджи) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Күн электр станциясын және деректерді өңдеу орталығын салу» жобасы. Жобаның жалпы құны 29,5 млрд. теңге. Жобаны іске асыруға Жосалы кентінің аумағынан 200 гектар жер учаскесін беру бойынша жұмыстар атқарылуда. Жоба іске қосылғанда 45 жаңа жұмыс орыны ашылады.

Екінші жоба «Алаш метан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Метан бекеттерін салу» жобасы. Жобаны іске асыруға «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінің бойынан 1 гектар жер учаскесін беру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жоба құны 600,0 млн. теңге, іске қосылғанда 23 жаңа жұмыс орыны ашылады. Сондай-ақ, 15,6 млн. теңгеге 8 балалар ойын алаңына және 180 млн. теңгеге аудан орталығында орналасқан дене шынықтыру сауықтыру кешенінде жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ұлттық спортты дамыту мақсатында ауданда алғашқы рет демеушілер есебінен «Ақтөбе и К»ЖШС-нің қолдауымен Ақтөбе ауылында жалпы құны 80,0 млн. теңге болатын «Ипподром» құрылысы басталды. Құрылыс жұмыстары биыл аяқталатын болады.

«Байқоңыр қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау» жобасын қоса қаржыландыруға арнаулы мемлекеттік қордан қаржы бөлініп жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Қазалы ауданының әкімі А.ЕСМАХАНОВ:

## ЕГІС АЛҚАПТАРЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНУДА

2026 жылға 17 мың 257 гектарға егін егу жоспарлануда. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 6 мың гектарға егіледі деп күтілуде.

Биылғы жылы Президент Жолдауында көрсетілген агроөнеркәсіп кешенінде су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесіне байланысты егін шаруашылықтарында су үнемдеу технологияларын енгізу, су тапшылығы жағдайында енімділікті төмендетпеу мақсатында егіс алқаптарын әртараптандыру жұмыстары қолға алынуда.

Облыс әкімінің қолауымен 2026 жылы сол жағалау алыбының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін қайта жаңғырту мақсатында республикалық бюджеттен жұмысын бастауға 801,8 млн. теңге қаржы бөлінді. Жоба құны 2 млрд. 589,5 млн. теңгені құрайды.



Аудан әкімдерінің брифингінен



# Ақмешіт Ақшамы

5 бет

12.2.2026 жыл

Менің қолыма қалам алып, бұл естелік макаланы жазуыма жеті жасында тағдырдың тәлкегімен әкесінің мезгілсіз қазасынан кейін қиыншылықтарды басынан кешіріп, қатаң өмір сынағында кедергілер мен қиыншылықтарды ақыл-оймен, сабырлықпен саралап, жеңе біліп, кейін Сыр елінің белгілі азаматына айналған менің замандасым Серікбол Қуатбайұлы Тұңғышбаевтың өткен өмірі, бұл өмірдегі жарқын істері себеп болды.

Жалпы әрбір адамның қадір тұтып, кейбір ойынды ақылдасып, пікір алысатын

парады» басталады. Елде дағдарыстар нәтижесінде үстінде, аяғында аяқ киімі болмай, нан мен кара су ішіп, кедейшілік кейпіне түсіп, күн көре алмай жүрген адамдар қатары көбейді. Азық-түлік дүкендерінде маргариннен басқа ештеңе болмай, ал жеке кооперативтік дүкендерде өте қымбат бағада тауарлар пайда бола бастады. Мемлекеттік мекемелер жабылып, жаппай жұмыссыздық орын алды.

Иә бұл күрделі де, қиын кез кейіпкеріміз С.Тұңғышбаевтың қалалық милицияның қылмыстық іздетіру бөлімшесінің бастығы,

*«Өмір-өзен ағып жатыр, тоқтаусыз». «Өмір болмас қасіретсіз, мұң қайғы»,- деп аталарымыз өмірді ағып жатқан өзенге теңеген. Осы өзен ағынында кейбір адамдар өз жолын, арнасын тауып өмірде әкешіесі, ағайындары, достары, ұжымдастары, айналасындағылардың көңілінен шығып, ұрпақтар тәрбиелеп, жасұрттан көмегін аямай, жан-жағындағыларға пайдасын тигізіп, шұғылалы иуағын, раушан гүлі сияқты жасұлар шапшып, айналаны қуанышқа бөлеп жатады.Ал кейбіреулері бастарын тасқа да, жарға да ұрып, өз жолын таба алмай жатады. Өмір ағыны қатты асау өзен сияқты кері ақпайды, күшті толқындарға қарсы тұра алмасаң жазаға шығарып тастайды, қарсы жүзуге мүмкіндік бермейді. Кейде жұмсақ, кейде қатал болатын бұл өмір Алланың -адамға ғаламда бір-ақ рет берілетін қымбат сыйы, жарық сәулесі, әрі сынағы және бұл өмірде тәзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білу керек дейтін көнекөз қариялар. Адам баласы өмірдегі кездесетін қиыншылықтарды, кедергілерді ақыл - оймен, сабырмен жеңіп, өмірдің әрбір сәтін мәнді де, сәнді де өткізіп, жарық сәулесідей жарқын ете білуі керек.*

# Сырдың Сырбаз Серікболы

адамы болады. Ол 90-шы жылдары Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі үшін, кейін 2000-шы жылдары облыстық полиция департаменті үшін сондай азамат болды. Ол кісінің соңынан ерсе адаспайтынын, оған қиын-қыстау кезде арқа сүйеуге болатынын полициядағылар жақсы білді. Өзінің көптеген шәкірттеріне мәңгілік ұстаз болып қала береді. Ішкі істер органдарындағы ұзақ уақыт қызметіндегі кәсіби шеберлігі мен зор беделінің арқасында тек полиция алдында ғана емес, сонымен бірге облысымызда қылмысқа қарсы күрес пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек етіп, сүбелі үлесін қосқан ардақты азамат, белгілі тұлға. Оның бойында тұлғаны жақсы адам деген атқа апаратын, жетелейтін, кез-келген адам бойында кездесе бермейтін, тек қана жақсы адам бойында кездесетін тәртіптілік, жауапкершілік, салқынқандылық, көркем мінез, жомарттық сияқты жақсы қасиеттердің бәрі бар еді. «Биік төбеге шықсаң көзін ашылады, жақсымен сөйлессен көңілің ашылады»- демекші онымен сөйлесіп, пікірлесудің өзі бір ғаламат дүние-тұғын, әртүрлі апаратынға бай еді. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген қасиеттермен ерекшеленеді екен.

Ішкі істер органдарындағы атқарған ұзақ, үлгілі қызметі үшін І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Ішкі істер органдарының ардагері», басқа да көптеген медальдермен, «ІІМ-нің еңбегі сіңген қызметкері» төсбелгісімен, ІІМ-нің, Қызылорда облысының, қалалық әкімдіктерінің, облыстық полиция департаментінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен, ақшалай, бағалы сыйлықтарымен марапатталды. 2016 жылдың қазан айынан 2025 жылдың ақпан айына дейін Қызылорда облысы бойынша Ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы және Қызылорда облысының Полиция департаменті бастығының кеңесшісі лауазымын атқарды.

Мен оны 1976 жылдан бері танытпым едім. Ол жас кезінде халық Шанхай деп атап кеткен қаланың арғы бетіндегі мен тұратын көшеге көрші Кетебаев (бұрынғы Орынбор) көшесінде тұрды. Ол кез Шанхайда көше-көше бұзакы топтар, “чыған”, “шешен” аталатын топтар жеткілікті еді. Күнделікті қылмыстар, топтық бұзақылық қылмыстар көптеп орын алатын. Сондай ортадан өзінің нағыз жігіттік қалпын, қасиетін сақтап қалды. Ол Н.Ильсов ауылындағы балалық, «Шанхайда» бозбала шағындағы бірге өскен көптеген достарын ұмытпады, олармен жақсы араласып тұрды.

Ол әсіресе қалалық ішкі істер бөлімінің қылмыстық іздетіру бөлімшесінің бастығы, қалалық бөлім бастығының бірінші орынбасары лауазымын атқару барысында жақсы көзге түсті. Бұл кез мемлекет басшылығына М.Горбачев келіп, КСРО саясатының және экономикасының «кейбір» кемшіліктерін мойындағаннан кейін көптеген реформалар, алкогольге қарсы компания, халық шаруашылығын «жеделдету», сыбайластық пен жемқорлықпен күресу, «Жеке кәсіпкерлік туралы заң» қабылданып, кооперативтер ашылып, шет елдермен бірлескен кәсіпорындар көбейіп, қоғамдық өмірде «жариялылық» саясаты орын алған кезең еді үшін өте күрделі кезең еді. Бүкіләлемдегі мұнайдың бағасының төмендеп құрт түсуі елде экономикалық жағдай төмендеп, халықтың тұрмысы нашарлап, саяси жағдай тұрақсызданып, көптеген саяси топтар пайда болды, ұлттарлық наразылықтар көбейіп, оның арты 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, армян-әзірбайжан Қарабах шиеленісі, Прибалтика,Гёблисис қақтығыстарының арты елде жалпы тұрақсыздық өсті. Ақыры КСРО әлемдік держава атағынан айырылып, «тәуелсіздік

бастықтың жедел жұмыстары жөніндегі бірінші орынбасары лауазымын атқарған кез еді. Халықтың тұрмысы нашарлаған сайын қылмыстың көбейетіндігі белгілі ғой. Ол кезде милицияның материалдық-техникалық жағдайы да мақтанарлықтай емес еді. Қызметкерлерге айлық бірнеше ай бойы төленбей қалады. Кейде айлық орнына азық-түлік беретін. Қаланың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бөлінетін патрульдік полиция ротасының қызметкерлері автокөліктері үшін жанар-май жоқ. Қалалық бөлім мен учаскелік полиция қызметкерлерінің бөлмелеріне жылу берілмейді, жарық уақытпен беріледі. Қызметкерлерге жиһаз, кеңсе товарлары мүлдем берілмейтін. Қызметкерлерге пәтер, балаларына бала-бақшадан орын беру тоқтатылды.

Сондай қиын кезде ол шырылдап, қалалық партия, атқару комитеттеріне, басқа да мемлекеттік мекемелердің басшыларына барып қызметкерлер үшін аз да болса көмектер алып отырды. Әлі есімде Патрульдік рота қызметкерлеріне уақтылы айлық берілмейтін болды. Көпшілігі облыс аудандарынан ауысып келген, қаланың Шанхай, Тасбөгер, Титов сияқты шеткі аймақтарында пәтер жалдап тұрады. Қалған бөлігі жатақханаларда тұратын, көпшілігінің әйелдері жұмыссыз, күйзелерінің бір айлықтарына қарап отырғандар еді. Олардың арасында басшылар бұйрықтарын орындамай, жұмысқа жаппай шықпау туралы әзімелер де тарай бастады. Жігіттердің қобалжи бастағанын байқап, оларды күнделікті жинап, қиындыққа шыдауды, азаматтарға қарсы заңсыз әрекеттер жасамауды, заңдылықты қатаң сақтауды тапсырды. Әйткені, кейбір милиция қызметкерлерінің азаматтарға қарсы күш қолданып, олардың жеке мүліктеріне қол салуы да әбден мүмкін еді. Сондықтан ол жергілікті атқару органдарына, мемлекеттік (ол кезде жалғыз) Банкке бірнеше рет барып, жеке құрамның айлық мәселесін шешті. Жігіттердің көңіл-күйлері де көтерілді. Серікбол Қуатбайұлының арқасында бір жағынан милиция қызметкерлері тарапынан азаматтарға қарсы заңсыздық әрекеттер болған жоқ, екінші жағынан қызметкерлер арасында заңдылықты бұзу жолдары тіркелген жоқ. Одан кейін мұнай базасына барып, қосымша автокөліктер үшін жанар-жағар май мәселесін шешті. Автокөліктерге қосалқы бөлшектерінің келмеуі, уақтылы келмеуі де үлкен қиындықтарға әкеліп соқты. Бұл мәселені де мекемелер, кейде базардағы жеке кәсіпкерлер арқылы заңдастырудың ретін келтірді. Иә милицияны да қамтып өткен елдегі астан-кестен, тұрақсыздық кезеңі де оның арқасында осылай дұрыс шешілген еді.

Қарамағындағы жедел уәкілдердің қала аумағында жасалып жатқан қылмыстардың, әсіресе ауыр, аса ауыр қылмыстардың ашылуына қатаң бақылау жасап отырды. Ашылған қылмыстардың объективті түрде тергелуін, сезіктілерге қатысты қылмыстық істердің бұрмаланбауына, заңсыз шешім қабылданбауына да бақылау жасап отырды. Ашылған қылмыстардың объективті түрде тергелуін, сезіктілерге қатысты қылмыстық істердің бұрмаланбауына, заңсыз шешім қабылданбауына да бақылау жасап отырды. Ашылған қылмыстардың объективті түрде тергелуін, сезіктілерге қатысты қылмыстық істердің бұрмаланбауына, заңсыз шешім қабылданбауына да бақылау жасап отырды.

Қалалық милиция бастығы болған кезінде өзінің тікелей қызметтік міндеттеріне кірмейтін қылмыс ашу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етумен байланысты емес қаланың тұрмыс-тіршілігіне де бел шешіп кірісті. Көктемнің басы. Бір күні жеке шаруаларымен жұмыстан сұранып, қаладан біршама ұзап кетеді. Бір уақытта орынбасарларының бірі телефон соғып,

Сырдария өзені жағасында қала әкімі мен Төтенше жағдайлар қызметінің басшысы жаға ұстасып жатыр деп хабарлайды. Ешқандай жеке мүдде жоқ, тұрғындардың қауіпсіздік мәселесі ғой. Ол дереу қалаға оралып, әлгі ашуға басқан екі ағасының арасына түсіп, оларды татуластырады. Бір



шықтық. Ол басшы ретінде прокуратура, МТҚ, сот алдында олардың жеке құрам мүддесін, құқықтарын қорғай білді, олардың абыройын түсіруге мүмкіндік бермеді. Оның өзіндік басқару стилі болатын. Теріс қылық жасаған, тәртіп бұзған, жұмысында елеулі кемшілік жасаған қызметкермен өзі

басып қатты айтып, көзін шұқып «құзға тастап жіберіп», комиссия төрағасынан жеңіл жаза қолдануды сұрайтын. Комиссия төрағасына қызметкер кінәсін түсінді, енді қайталамайды, оның әкесі жақсы, шешесі отбасы ұйытқысы, ардагер дейтін, немесе тағы басқа мән-жайларды айтып «құтқару

**Біздің мақаламызға арқау болған С.Тұңғышбаев 1959 жылы 12 қантарда Қызылорда облысы Сырдария ауданының бұрынғы Қазақ КСР-ның 50-жылдығы атындағы совхоз, қазіргі Н.Ильсов атындағы ауылда дүниеге келді. 1977-79 жылдары кеңес әскері қатарында борышын өтегеннен кейін Қызылордадағы №3 автомекемесінде жүргізуші болып жұмыс істеді. 1980 жылдың қарашасынан бастап ішкі істер органдарына қызметке кіріп, Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінің №2 арнайы комендатурасының милиционер-кезекші лауазымында қызмет атқарды. 1983 жылы КСРО ІІМ-нің Брянск арнайы орта мектебіне оқуға қабылданып, оны 1985 жылы аяқтағаннан кейін Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінде қылмыстық іздетіру (криминальдық полиция) бөлімшесінің жедел уәкілі, аға жедел уәкілі, осы бөлімшенің бастығының орынбасары, бөлімше бастығы лауазымын абыроймен атқарды. Қызметте жүріп 1994 жылы ҚР ІІМ-нің Алматы Жоғарғы мектебін сырттай аяқтады.1993 жылдың наурызында Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі бастығының оперативтік жұмыстар жөніндегі орынбасары, ал 1995 жылдан бастап осы бөлімнің бастығы лауазымын атқарды.1997-2000 жылдары Қызылорда облысы ішкі істер басқармасының криминальдық полиция басқармасы бастығы, 2000-2007 жылдары аралығында облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары лауазымын атқарды. 2008 жылы полиция полковнигі арнаулы атағымен зейнеткерлікке шықты.**

сөйлесіп, жеңіл-желпі тәртіптік жазасын беріп, тәртіпке салуға тырысатын. Егерде теріс қылық елеулі, өзінің құзырынан жоғарыға шығып кетсе онда департамент басшыларына, прокуратураға ертіп барып: олардың көзінше ұрысып, енді қайталанбайды, жұмыс жөнделеді, кемшіліктер түзеледі- деп аман-есен жеңіл, орташа жазамен оралатын. Басшылардың көңбеске шарасы қалмайтын. Жеке құрамды қорғайтын мәселені достықпен, қазақшылқпен дастархан басында шешетін. Қарамағындағы қызметкердің проблемасын шешкені үшін одан бір нәрсе деметпін, ол қызметін міндетсінбейтін.

Онымен кейін жолымыз қайта түйісті. Облыстық полиция Ардагерлер ұйымын ұзақ жылдары басқарған қадірменді аскаалымыз М.Пейсовтің қазасынан кейін оның орнына басшылық Серікбол Қуатбайұлын лайықты азамат деп тапты. Кейде медицина кеңесінің мүшесі ретінде мені жұмсайды. Департаменттің Тәртіптік комиссия жұмысында жиі, тіпті аптасына бірнеше рет кездесетін болдық. Әуелі 20 жыл Заң бөлімінің бастығы болған менен қалай көмектесеміз деп заңдылығын, процедурасын, жолын сұрап алады. Жігіттерді қорғап қалу үшін Тәртіптік комиссияда олардың кемшіліктерін бетіне

арқаны» тастап жарға жығылайын деп тұрған қызметкерді құтқарып алатын. Оның ұсынысы бойынша комиссия төрағасы менен шешім жобасының заңдылығын сұрайды. Мен әрине С.Қуатбайұлын қолдап, заңдылығын айтамын. Солай қызметтен шығаруға, немесе лауазымынан босатуға, қатаң тәртіптік жаза қолданылуға жататын талай жігіттерді алып қалғанбыз.

Бір кездері ол департамент бастығының орынбасары лауазымында жүргенде жоғарыдағы көкесі мықты, басқа өңірден келген жас жігіт бастық болып тағайындалды. Ол кісінің ұжым басқару стилі бөлек, қазақшылдығы көбірек біздің өңірде оның қазақшылдығы жетіспейтін. Ол кейде адамның іскерлігін, сауаттылығын, жұмысқа берілгендігін кейінге ысырып та қоятын. Кейде әңгімеге, жеңіл сөзге еріп, шындықты тексермей асығыс, әділетсіз шешім де қабылдайтын. Ол кісімен көпті көрген С.Тұңғышбаев тіл табыса алмай қалады. Кейін өз аузынан естігенін жігіттерді заңсыз әрекеттерге жұмсауына тосқауыл қойғым келді, басқару стилін өзгертуді сұрадым, тыңдамады, өзім білмеге басты деген болатын. Оның соны С.Қуатбайұлы департамент бастығының орынбасары лауазымынан қалалық ішкі істер бөліміне қарасты Тасбөгер Полиция бөлімінің бастығы лауазымына тағайындалумен аяқталды. Көптен жөндеу көрмеген Тасбөгер бөлімі күрделі жөндеуді қажет етіп тұрған болатын. Әрине мемлекеттен қаражат бөлінді. Бірақ, ағамыз жөндеу жұмыстарына өзі бел шеше кірісіп, бүкіл достары, таныстарын пайдаланып, Тасбөгер бөлімі ғимаратын үлгілі етіп шығарды. Бірақ, жаңа ғимаратта, жаңа қызметтік бөлмеде жаңа қызметке кірісу оған бұйырмады. Ол сол кезде көптеген қылмыстар ашылмай жатқан, басшылары үстінен азаматтардан арыз-шағым көп түсетін, өте күрделі аймақ Арал ауданы полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды. Ол тағайындауды біріміз бөлімнің жұмысын күшейтеу, практикалық көмек көрсету деп түсіндік. Нар тұлғалы ер жігіт оған да мойымады, шыдады, ешкімге шағым-данбады. Аралаға бірнеше рет барғанда сол баяғы әзілімен қарсы алған болатын.

80-ші жылдары оның өмірінде естен кетпейтін аса күрделі оқиға болды. Ол өзі өскен Шанхайда іздеуде жүрген қылмыскерді үйіне іздеп барып, оның атыс қаруын қолдануы салдарынан ауыр дене жарақатын алды. Ауруханаға уақытылы жеткізіліп, білікті дәрігерлердің уақытылы, сапалы көрсетілген көмегінің арқасында аман қалды. Бірақ, жаракат кейін жиі мазалап, денсаулығы сыр беретін кезі болды. Бірақ, ол денсаулығына байланысты зейнетке шығуға көнбеді, ер-азамат қой ыстық-суыққа қарамай ауыр қызметін жаластыра берді. Зейнетке қызмет өтілінің толуы мен шекті жасқа толуына байланысты шықты.

**Сырдың сырбаз Серікболы өзінің көптеген асыл қасиеттерімен елдің ігі жақсыларын мойындап білді. Шынында да ол ерекше жаратылған кісі еді, жүрегі жұмсақ, бауырмашыл еді. Адамның ақылы, санасы, таланты, оның өмірі мен тыныс-тіршілігі, қара қылды қақ жаратын тұрашылдығы мен шыншылдығы ата-ана қанымен келеді екен. Оның жүріп өткен жолы полицияның жас, бүгінгі ұрпағына, жастарға, келешегіміз үшін тәрбиелік маңызы бар ұрпақтар сабақтастығына септігін тигізетіні белесті. Оның әлде де бағындыратын босатқы көп-тұғын...**

**ҚОРАЗБАЕВ Хұсайын Асанұлы, заңгер-журналист. Ақпарат саласының Үздігі. Запастағы полиция полковнигі. ҚР ІІМ мен ТЖМ-нің «Құрметті Ардагері»**



*Кітапхана*

# ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ОЛЖАСЫ МЕН ОЛҚЫСЫ

Қазақ «Шөлмек мың күнде сынбайды,бір күнде сынады» дейді. Мұны Қаңтар оқиғасы да анық көрсетті. Оның бірден оттай лаулап, өрттей қаулап, бүкіл елдің аумағын қамтып ала жөнелуіне тәуелсіздіктің ордалы отыз жылы ішінде әбден жентектеліп, қат-қабат қордаланып қалған орасан зор әлеуметтік теңсіздіктердің ең басты себеп болғанына ешқандай күмән жоқ. Міне, сол ыза мен кектің буырқанған буы бір-ақ сәтте жарыла-тындай мезетке жетіп, аспанға жасынды жанартау болып жұлқына атылды...

Біз Қазақстан егемендігінің еңселі отыз жылы жайлы сөз қозғағанда, бір пәс оның бастау алар ілкі шағына әсте көз салып, ой жүгіртпей тұра алмаймыз. Себебі, ол бізге сол сәтінде-ақ ерен ерлеріміздің кескілескен кескек күресімен келгендей емес, күтпеген жерден Құдайдың қолақпандай етіп бере салған тосын сыйы сияқты

**Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ**

# ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

болып әсер етті. Бұған енді соңғы күндерге дейін Одақты сақтап қалу жолында жанталаса жүгірген аттөбеліндей ғана томырық топтың бел орта-сында басқа емес, сол кездегі көшбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі жүргенін қоссақ, шынында да бұл тәуелсіздіктің бізге қаншалықты қиын, қиынсыз, қысталаң, қымбат жағдайда жеткенін пайымдай түсуімізге болады. Тіпті 1991 жылдың 8 желтоқсанында белорустың «Белове-жье тоғайы» деген жерінде РСФСР, Украина және Белоруссия республикалары басшыларының қатысуларымен өткен келелі кездесуде «Достыққа мүше-мемлекеттер территориясында бұрынғы КСР Одағы органдарының әрекет етуін тоқтату» туралы келісімшарт қабылданғанына қарамастан біздің тарап өз бетінше егемендік алуға қарай талпыныс жасамай, қыбырсыз қалды. Мұның орны-на, Минск маңына ұшып бара жатқан Қазақстан лидерінің кенет Мәскеуге кері бұрылып, дәл сол сыни сағаттарда Кремльде СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Михаил Горбачевпен бірге Одақты қалайда сақтап қалудың жайын талқылап отырғаны да тарихтан белгілі. Сөйтіп, біз Одақтан барлық ұлттық республикалар арасы-нан ең соңғы болып, 16 желтоқсан күні шықтық. Ал сол Одақтың кейін заңды мұрагері болып аталған қыс меңіндегі жалғыз іргетасы - РСФСР-дың өзі тәуелсіздігін 12 желтоқсанда жариялап қойған-тын.

Алайда заманында «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының бүгінгі ұрпағы «көшкен елдің жұртында қалғандай» болған бізге осылай жет-кен егемендіктің өзіне айран-асыр құанды. Бәлкім, осылай зарықтырып барып, зордың күшімен келгендігінен шығар, ел ішінде бұған шаттанбаған, кеудесін қуаныш тасқыны көрмегенен, мұны мақтан тұтпаған жан қалған жоқ-тын. Шады-ман шаттықтың соншама алапат болғаны сон-дай, менің өз басым сол бір төңдессіз тебіреніс күндерін еске алсам, әлі күнге дейін көзіме үйіріліп үзік жас келгенін аңғармай қаламын. Сондықтан болар, сол бір ешбір ұмытылмас аяулы күндердің әрбір мәуріті дәл бүгінгідей көз алдымызда сайрап тұр.

Осыған орай республикада алғашқы мәрте президент таққа отырған уақытқа елтеп шолу жа-сап өтейік. Ең алдымен 1990 жылы 24 сәуірде, әлі Одақ тіршілігі етіп тұрған кезде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі басқа одақтас ұлттық республи-калардан үлгі ала отырып, елде президент ла-уазымын бекітті. Жоғары Кеңес оған бірден Нұрсұлтан Назарбаевты бір ауыздан сайла-ды. Бұл мезгілде ол 1989 жылдың 22 маусы-мынан бері Қазақ КСР Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы ретінде республиканы басқарып келе жатқан қайраткер еді. Ал 1991 жылғы 1 желтоқсанда елде тұңғыш рет жалпыхалықтық президент сайлауы өткізілді. Мемлекет басшысы лауазымына жалғыз үміткер Нұрсұлтан Назарбаев онда 98,78 пайыз дау-ыс жинады. Сайлаушылардың 88,2 пайызы өз таңдауларын жасады. Ал 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ын «Қазақстан Республикасы» етіп өзгерту туралы заңға қол қойылды.

Дәл сол күні Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті ретінде ант қабылдау рәсімі өтті. Бұл инаугурацияда оған сонау Семей (қазіргі - Абай) облысынан ар-найы алдырылған 91 жастағы халық ақыны Шәкір Әбенов бата берді. Алматыдағы Ленин атындағы сарай (қазіргі - Республика сарайы) сахнасына шыққан аузы дуалы қадірменді қария өз сөзі ба-рысында батаның «негізгі және лебізді болып екіге бөлінетінін» жеткізді.

«Негізгі бата - Нұрсұлтанға халықтың бата-сы. Бұл үшін ол үш міндет атқаруы керек. Бірінші - жұмыскер, дихан, мал өсіруші шаруалардың еңбегіне ысырап жасатпай, дұрыс басшылық беріп, бақылап отыру. Екінші - халыққа зиян келтіретін зорлықшыл зұлымдарға аяусыз жаза беріп, тыйым салу. Ал үшінші - әлдеқандай се-беппен өзі, халықтан кешірім сұрап, қатасын өзі түзеу», - деген еді сонда Шәкір ата.

Ауақты ақынның осы нақыл сөздері сол сәтінде-ақ саналы көпшіліктің жадында жақсы жатталып қалды. Өкініштісі, оны тек сол батаны алған кісі ғана есінде ұзақ уақыт сақтай қоймапты. 1990 жылдан Жоғарғы Кеңестің Төрағасы болып қызмет істеп, соңғары еріксіз оппозицияға кеткен нағыз адал отаншыл азамат, қарымды мемлекет қайраткері Серікболсын Әбділдин 2016 жылғы

1 желтоқсанда бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлықтау рәсімінде өзіне бата бер-ген Шәкір ақсақалдың «әлдеқандай себеппен өзі қаталасса, халықтан кешірім сұрап, өз қатасын өзі түзесін» деген шартын есінен шығарып алғанын айтты. «Назарбаев қателігі үшін халықтан кешірім сұраған емес. Билігін нығайтып алған соң, есінен шыққан болуы керек», -деді ол.

Қайраткердің пікірінше, халық пен биліктің қарым-қатынасы Назарбаев ақын Әбеновтен бата алғаннан кейінгі ширек ғасыр уақытта қатты өзгерген. “Тәуелсіздік алудың қарсаңында халықтың үміті аса зор болды, ел президентке де, оның айналасындағыларға үлкен сеніммен қарады. Ал қазір халық президенттің алдына жеткізілмейді. Өйткені таңдап алынған ақсақалдар сөзі де президентке ұнамай қалуы мүмкін деп қауіптенеді», - деді Әбділдин.

Бір қызғылықты жайт, 90-шы жылдардың басында Семей облысы Аягөз аудандық де-путаттар кеңесінің төрағасы болып істеген қоғам қайраткері, Шәкір абыздың жақын туысы Амангелді Керімтаев арада жеті жыл өткен соң, президент сайлауы науқаны кезінде Семей жеріне келгенінде Нұрсұлтан Назарбаевтың аяқ астынан халық ақынын керек ете қалғанын әңгімелейді.

теріскейдегі шаһарлардың бәрінде қазақтардың үлес салмағы бірнеше еселеп артып, ұлттар арасындағы баланстың жақсаруымен бірге, халқы салыстырмалы түрде тығыз орналасқан оңтүстік жұртының бір бөлігін осылай қарай аударудың табиғи жолмен жасалатын өте сәтті орайы туды. Дүниенің әр түкпірінде тарыдай шашырап жүрген қандастарымызды тарихи отандарына жеткізу көші керуен керіп, біраз ағайын ортамызға келіп қосылудың амалын жүзеге асырды.

Осы уақыт аралығында мемлекетіміздің тұғыры тік тұрып, әлеуеті арта түсті. Нарықтық экономиканың қазанында қайнап, жекеменшік институтына кең өріс көседік. «Мәдени мұра» бағдарламасын қолға алып, «өшкенімізді жанды-ру, өлгенімізді тірілту» тұрасындағы шараларды жүзеге асыру арқылы жұмбағы мен қатпары көп төл тарихымызды түгендеуге батыл қадам бастық. Бір кездері «Көк теңіз» деген атауымен әлемдегі айбынды айдындардың бірі болған Арал теңізінің солтүстік бөлігін суға толтырып, жаңа акватория жасау жолында есепсіз еңбек сіңірдік. «Батыс Еу-ропа - Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобаларға құлаш сермедік. Осы кезеңде «Батыс Қазақстан - Батыс Қытай» мұнай құбыры желісінің құрылысы қолға алынды. Сонымен бір мезгілде елдің ішінде газ құбырын

# I-тарау ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

Тағы да қапелімде батасын алып қалуға ниет ет-кен көрінеді. Бірақ бұл кезде шайырдың қайтыс болғанына төрт жылдың жүзі толған еді. Ал бұл жайтты президент сол уақытқа дейін білмеген...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы нөмірінде жарық көрген «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» деген мақаласында еліміздің отыз жылдық егемендік кезеңін шартты түрде үш онжылдық бөлікке бөліп қарастырады. Атап айтқанда, азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның туы көтеріліп, іргетасы қаланған уақытқа баласа, екінші онжылдықты Қазақ елі керегесін кеңейтудің мезіретті мерзімі санайды, ал үшінші онжылдықта оны шаңырағы биіктеген мәртебелі мемлекетке айналды де-ген тұжырымға қазық қағады. Бәлкім, тұтастай алып қарағанда, осындай кезеңдерден өткенімізге келісуге болатын шығар, бірақ осы уақыттың мұғдарында мазмұны жағынан нақты қандай дәулет дәрегіне жетіп отырғанымыз жайындағы әңгіменің өзегі тіпті бөлек. Осы жағынан келген-де қазір бәріміз мәуесін жеп, дәмін татып отырған мемлекеттік құрылымға ел халқының аса басым бөлігінің көңілдері тола қоймайтынын ашық айтуға тиіспіз.

Сондықтан мен тәуелсіздіктің алғашқы отыз жылын қақ ортасынан екі дәуірге бөліп талдағанды жөн көремін. Бұлардың бірінші бөлігіне 1991-2005 жылдардың аралығы жат-са, екінші бөлігі 2005-2019 жылдардың жүлгесін күре қамтиды. Бірінші кезең Президент атап көрсетіп отырған мемлекеттіктің іргесін бекітіп, қабырғасын қалаудың қам-қарекеттері жасалған тірнекті тіріліктерге толы уақытты меңзесе, екінші кезең елді жаппай талан-таражға салып тонауға арналып, жемқорлық пен парақорлықтың жапырағын жұптап жайқалтқан миятсыз мезгілді көрсетеді. Бұл екі кезеңде экс-президент билік тұтқасын ұстаған жылу-ан жылдардың үлесіне тиеді. Біз бұл мақалада осы отыз жылдың бедерінде орын алған, өзіміз шартты түрдегі «олжа дәуірі» және «олқылық дәуірі» деп бөліп алған тұстарына аз-кем шолу жасап өтпекпіз.

Әуелі «олжамызға» келсек, Қазақстанның бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаев, оба-лына не керек, тәуелсіздіктің әдепкі кезеңінде мемлекеттің негізін қалау жолында өте жақсы жұмыс істеп, қыруар істерді қырқадан асыр-ды. Бөрінен бұрын, 1991 жылдың 28 тамызын-да Семей полигонын жауып тастағанын атап өтейік. Еліміз атом қаруынан саналы түрде бас тартты. Бұл әлемдегі ядролық мемлекеттер-мен қатынасымыз жақсы түзілуіне себепкерлік етті. Сол тұста Елбасының елге деген, елдің ертеніне деген ниеті мен пейілі де мейлінше таза болды. Осы мезгілдің мезіретінде оның тура басшылығымен мемлекетіміздің нышандар-ы өмірге келіп, билік жүйесінің белгілері бекіді. Посткеңестік елдер арасында алғашқылардың бірі болып ұлттық валютамыз - теңгені шығарып, оны айналымға енгіздік. Республиканың Қарулы күштері қайта құрылды.Тек бірнеше рет қайтара жасалғаны болмаса, Конституцияның да сұлбасын түздік. БҰҰ-дан бастап, көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі болдық. Осының ұйғайында шетелдермен орнықты дипломатиялық қатынас орнаттық.

Мұның арғы жағында тәуелсіз елімізді өркендетудің бірнеше байыпты бағдарламасы қабылданды. Соның ішінде «Қазақстан-2030» стратегиясына жүктелген міндеттер орасан зор еді. Сол жылдары Қытай және Ресеймен арадағы шекараларымыздың нобайын сызып қойдық. Мұны да сол кездердегі жеткілікті жетістік санауымыз кер-ек. Елдің байтағы оңтүстіктен Сарыарқаның сая-сына көшірілді. Нәтижесінде облыстық деңгейдегі Ақмола (одан бұрынғы Целиноград) қаласы Аста-на атанып, отанымыздың орталығына айналды. Ол іс жүзінде жаңғырған қала ғана емес, сонымен бірге өзіндік бет-бейнесі бар жаңа жарқын мегапо-лис болып өмірге қайта келді. Осының арқасында

тартып, республика елді мекендерін газдандыру жұмыстары басталып кетті. Мысалы, екімыңдық ба-сында тартылған «Бозой - Самсоновка - Шымкент» газ құбыры Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облыстарының көптеген елді мекендеріне «көгілдір отынның» келуіне мүмкіндік әктерді. «Таза ауыз су» бағдарламасы негізінде Сыр бойында атап айтарлықтай жанды жұмыстар пісенттелді. Қазақстан аумағы түгелдей дерлік тұрғын үйлер құрылысының алып алаңына айна-лып, бұрын-соңды болмаған қарқынмен үде арт-тырды.

Әлбетте, мұның бәрі тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемендігінің еңсесін көтеруді бастаған кез кел-ген мемлекеттің басынан кешетін соқпақты сүрлеуі еді. Оны Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2012 жылы баспадан шыққан «Қазақстан жолы» атты кітабында осылай атап өтіпті. «Әлемнің бірде-бір елі қалыптасу кезеңінде, ең алдымен мемлекеттің экономикалық негізін қозғайтын дағдарыс құбылыстарынан қашып құтылмаған. Үлкен күйзелестер мен құлдырауларды Америка, Фран-ция, Англия, Түркия, Германия, Индия және басқа да елдер бастан өткерді. Тек осы сілкінерістердің күші ғана өртүрлі болды», - деп жазады ол. Бұдан әрі бірқатар елдердің, соның ішінде кейіннен Оңтүстік Шығыс Азия «қолбарыстары» болып танылған дәулеттердің нарық парқына көшу кезіндегі шырғалаңы ішкі саяси тұрақсыздық, жер рефор-малары, қаржы дағдарыстары секілді кезеңдерден өткеніне назар аударады. Бұл дағдарыстар бұрын Латын Америкасында көрініс бергеніндей, жекеле-ген елдерде төңкерістер мен азамат соғыстарына ұласып кеткен. Бұлардың кейбірі кейін көптеген елдерге өзінің экономикасын нығайту және шаруашылық құрылымын құруда үлгі етіп алуға тұрарлық тәлімді тәжірибе болғанын алға тар-тады. Өйткенмен, мұндай бұралаң жолдардан өткен елдердің бәрі бірдей онан онды қорытынды шығара алмады. Осыны баяндай келіп, Назар-баев: «Міне, сондықтан біздің мемлекетті құруға кірскенде, мен олар бастан өткерген табыстар мен сәтсіздіктерді білу үшін көптеген мемлекеттердің негізін салушы тұлғалардың өмірбаянына көңіл қойып таныстым», - деп толғайды. Сөйтіп, өз елдерінің тарихында аса көрнекті рөл атқарған, өнегесі жетерлік бірнеше тұлғаның есімдерін тізіп шығады. Олардың қатарында Түркияның тұңғыш президенті Кемал Мұстафа Ататүрік, АҚШ-тың 31-ші президенті Франклин Делано Рузвельт, «Қытай реформасының әкесі Дэн Сяопин және Малайзияның премьер-министрі Махатхир Мо-хаммад есімдері ешкеліп атап өтіледі. Осылай дейді де, бұдан әрі әсіресе қазіргі заманғы Фран-ция республикасының негізін қалаған Шарль де Голль мен отардағы Сингапурді тәуелсіз мемлекет-ке айналдырған Ли Куан Ю сынды көменгерлерді жеке басының өнегесі санағанын мәлімдейді. Алайда, біздің бәріміздің өкнішімізге қарай, оның бұл еліктеуі сол емексу ернеуінен әріге аса ал-май, қияли халдің қалың ұйғығында үйелеп қалып қойды. Осымен «олжалы жылдардың» ордасы аяқталды.

Осыдан кейін құр сөз бен құрғақ уәделердің уәлаятына айналып кеткен кезеңнің кенересіндегі «олқылық дәуірі» басталды. Жасырып-жабатыны жоқ, тәуелсіздігіміздің артта қалған жылдарының жонында мақтан етіп, үлгі тұтып масайрай-тын жетістіктерімізден гөрі ішті удай ашыта-тын өкінішіміздің өрісі әлдеқайда кең. Біз елдің ертеніне үзіріп жалғаған азаттықтың сонау алғашқы елең-алаң жылдарында тура отыз жыл-дан соң осындай тұрмыста тұралаған, кедей-кешіктің кенезесіне кенелген мемлекетке еге бо-ламыз деп ойлаған да, армандаған да емеспіз. Сайып келгенде, өмір бойы жемқорлық пен өтірікке шылығынан шылғынған баяғы Кеңес Одағының жаңа замандағы, нарық заңының қағидасын ұстаған ұсқынсыздау үлгісін жамап-жасқап қайта жасап қоя салдық. Ал шындықтың шырайына шамырқанбай ашық қарап, ақиқатын айтқанда, бодандық қамытын киген елден бостандықтың белесіне бет алған шақтағы шаттығымыздың күлі

көкке ұшты. Былайша айтқанда, үміттер мен ар-мандар дәл біз күткендегідей болып орындалма-ды.

Қазір халықтың көкірегін - өксік, жүрегін ше-мен кернеп тұр. Бүгінде елдің ішінде «Біз күткен тәуелсіздік мұндай емес еді» дегенді екінің бірі егіле айта алады. Мына тәубасыз тәуелсіздік рес-публика халқының ат төбеліндей аз ғана бөлігін қисапсыз мол байлыққа кенелтіп, қалған басым бөлігін кеңес кезіндегі кедейліктің қыспағынан шығармай, шандып байлап тастады. Алайда қиуасыз қыруар қазынаға қарық болғандардың ешқайсысы бұған өздерінің бір ерекше қабілеттері арқылы жеткен жоқ, оларға бұл үшін бар болғаны билік бишігін егеленіп отырған әулетпен жақсы қарым-қатынас орната білудің өзі жетіп жатты. Айналып келгенде, бұл ырыздық қазақтың жетпіс жеті атасынан бері осы кезге дейін сақталып келе жатқан несібесі еді. Міне, халқымыздың сол ена-пат, ұшы-қиырсыз байлығы отыз жылдың оябында «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетті. Сондықтан кейбір журналистер Назарбаев билік тізгінін ұстаған осы кезеңді «Отыз жылдың ойра-ны» деп жазып та, айтып та жүр.

Мұны Қазақстанның халық жазушысы, белгілі прозик, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза 2017 жылдың 12 наурызында turaninform.kz пор-

талында шыққан сұхбатында тілшінің «Бүгінгі билікке қандай баға бересіз?» деген сауалы-на қайтарған жауабында да айғақтай түседі. «Тәуелсіздік алғанға дейін армандап едік: шіркін-ай, Қазақстан байлығы өз қолымызға тисе-йой! Сонда ма, сонда...дерм едік. Енді не бол-ды? Байлық өз қолымызда. Бірақ, бүйіріміз неге томпаймайды? Қарнымыз қабырғамызға неге қабысып қалды? Осылай дей бастасаң, басшы-лар ашуланады. Өйткені, олар ел аралап жүріп өткен жердің бәрі жайнап тұр. Ел тоқ, киім көп, жұрт тыныш, күнде думан, күнде той. Мұның атын «Потемкин деревнясы» дейді. Кезінде патша-қатын Екатерина Ресейдің оңтүстігін аралап келе жатса, ертегідейдей әп-әдемі әсем үйлер көздің жауын алып жарқырап тұратын көрінеді, - дейді әкімдеріміздің әрекеті көбінесе Потемкинның қулығына ұқсап кетеді. Олар шалғайдағы Торғайдың, Ырғыздың түкпіріндегі ауылдарға, Шетке, Абралыға, Шудың құрдымына, Зайсанның Тарбағатайдың пушпақтарына барып, қарапайым халықтың хал-жайын біліпті дегенді оқыған да, естіген де емеспін».

Осы Шерхан аға бұдан он жылдан астам уақыт бұрын-ақ жерінің қатпар қойнауында Мен-делеев кестесіндегі элементтердің бәрі түгел бар Қазақстан халқының «алтын сандықтың үстінде жалаңбұт отырған» адамға ұқсайтынын алғаш рет айтқан еді. Ол өзінің құрдасы, сыралғы досы, қаламдас әріптесі, танымал публицист, интел-лектуал Камал Смайыловпен газет бетінде жа-зысып тұрған хаттарының бірінде бұл базына-сын былай деп таратқан болатын: «Камал дос! «Егемен Қазақстанда» жарық көрген «Қазақстан. XXI ғасыр» атты көлемді мақаланды оқып (25 маусым, 1996 ж.), көңілім әр саққа жүгірді... Бір себептен сүйсіндім. Бір себептен... күмәндімін. Сүйсінгенде алғырлығына, журналистік тапқырлығына сүйсінемін. Біз болсақ, «Қазақстан ұлан-байтақ, Қазақстан бай» деген жалпы ұғыммен сөйлейміз. Сен болсаң, сол байлықты нақты цифрлармен сөйлетесің. Цифррлар сенің құлдырандап жүгіріп жүрген жиендерің сияқты. Тіпті жердің жеті қат астында жатқан байлықтың бәрін граммдап өлшеп, есепшотың сарт-сұрт еткізіп, тынына дейін шығарып қоясың. Сөйтсеің де, «Қазақстан қазба байлықтары - 10 триллион доллар!» деп, бір-ақ тоқ еткізесің. Ал енді дәл 10 триллион екеніне күмәнім бар. Бәлкім 100 трил-лион шығар?... «Сарыарқа мен Атырау, Алтай мен Қаратау қойнаулары нағыз алтын сандық екен. Соның кілті енді еліміздің қолына еркін тиді» деп жазыпсың. Соны енді біліп жүрген-дей, «екен» дегенің неткенің? Ал сол сандықтың «кілті енді еліміздің қолына еркін тиді» деп алақайлағаныңа жол болсын! Онда біз сол алтын сандықтың үстінде неге жалаңбұт отырмыз?».

Қандай керемет айтылған! Қайраткер қаламгер бұл жерде де ойын әдемі кестелеп жеткізіпті. Шы-нында сол «алтын сандықтың» шарапатын біздің ел неге көрмейді? Кермейтіні – оның бәрі баяғыда-ақ қолды болып кеткен. Сол себепті республикалық бюджеттің қазанын толтыру, қажетті қаражатты құю жыл сайын қиямет қиындықтарға ұшырап келеді. Соның салдарынан Ұлттық қорға жиналған қаржыға жыл сайын қол салып тұруды тоқтата ала-тын түріміз көрінбейді. Табиғи байлығы жағынан әлемдегі ең бай елдердің сапына кірген отанымыз кедейшіліктің күркесінен шығандап шығып кете алар емес.

Ал КСРО-ыдыраған тұста тәуелсіз Қазақстанның тізгінін қолына алған Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізді талаайы табыстарға жеткізуге тәуекелі өте зор болды. Өтпелі кезеңнің белгілі кедергілеріне қарамастан, ол өсіп-өркендеу үшін орасан зор әлеуеті бар, ең бастысы таңғажайып тәзімді де табанды, білімді де талантты, бауырмал да еңбекқор халқы бар еңселі елге, жеті қатты қыртысты қойнауы қазынаға толы жемісті жер-ге егелік етті. Түкпірдегі ауылда туып-өскен Елбасының өзінің де кеңес заманында белгілі бір қабілеті мен тартымдылығы болмаса, осына-ма бас айналдырарлықтай биіктерге жете қыуы екіталай еді. Бұған қоса, жаңашыл реформаторға тән күш-жігері мен басқару тәжірибесі үйлесіп тұрған ол посткеңестік басқа елдер лидерлерінің көпшілігінен оқ бойы озық болып көрінді.

*(Жалғасы бар)*



Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

# ЖҮЗДЕН АСТАМ ЖОБА БАР

Биыл да өткен жылғы бірқатар жұмыстарды жалғастырамыз.

Яғни, 975 млн. 900 мың теңгеге «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы өңтүстік магистралды каналы арқылы өтетін көпірдің құрылысы басталады.

1 млрд. 600 млн. теңгеге С.Торайғыров көшесінен Қызылорда-Құмкөл автожолына дейінгі Сағымбаев көшесі қайта жаңғыртылады. Бұл аса маңызды бастамалар.

Себебі, жаңа көпір мен қайта жаңғыртылатын Сағымбаев көшесі «Батыс Европа - Батыс Қытай» дәлізі мен Астана қаласынан келетін жолды түйістіретін үлкен қақпа болады.

Құны 2 млрд. 600 млн. теңгеге қаладағы 8 автомобиль жолы күрделі жөндеуден өтеді.

Анықтама ретінде:

1. Ж.Шанин көшесі Сағымбаев көшесінен Қызылорда-Жезқазған трассасына дейін – 2960 м;

2. Б.Момышұлы көшесі 2-ші Қаржаубаев көшесінен Әл-Фараби көшесіне дейін – 2900 м;

3. Б.Асқар көшесі

Тоқмағанбетов көшесінен Айтбаев көшесіне дейін – 750 м;

4. Жахаев 1 көшесі – 150 м;

5. Сарқырама көшесі – 1230 м;

6. Ақмырза ахун тұйығы – 62 м;

7. С. Романов көшесі – 236 м;

8. Ыдырысов көшесі – 1140 м.

Жоспардағы ірі жобаларымыздың тағы бірі - биыл Н.Назарбаев даңғылын Б.Баймаханов көшесінен бастап Тасбөгет кентіне дейінгі аралығын қайта жаңғыртып, күрделі жөндеуден өткіземіз. Бұл жұмыстардың қатарына Тасбөгет кентіндегі А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш.Есенов көшелері еніп отыр.

Сондай-ақ, Б.Баймаханов пен А.Шәменов көшесінің аралығына дейінгі А.Спанов көшесін де қайта жаңғыртамыз.

Дәл осы ізбен Назарбаев даңғылы арқылы қала мен Тасбөгет кентін жалғайтын «Қызылжарма» каналының автомобиль көпірін қайта жаңғырту жоспарымызда бар. Бұл алдағы уақыттың еншісінде.

Сонымен қатар «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын Қ.Маханбетов көшесімен жалғап, Марал Ишан көшесін кіреберіс қақпаға дейінгі аралығы да қайта жаңғыртуға жатқызылды. Бұл жобалар мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуға ұсынылған. Аймақ басшысының қолдауымен аталған жобаларды қаржыландыру нақтыланды.

Сұрағым бар...

## ӘСКЕРГЕ КІМДЕР БАРАДЫ?

2026 жылдан бастап әскерге шақыру өзгерді. 2025 жылғы 31 желтоқсанда Үкімет тиісті қаулыға қол қойды.

Біріншіден әскерге 18-27 жастағы ер азаматтар шақырылады. Атап айтқанда мектеп, колледж түлектері, бакалаврлар, магистрлер шақырылады.

Әскерге шақыру туралы жаңа заң білім берудің әр деңгейіне – бір ғана кейінге қалдыру қағидаты енді. Енді диплом қорғаған сәттен бастап әскерге шақыруды кейінге қалдыру күші бірден жойылады.

## ӘСКЕРГЕ ҚАЙ КЕЗДЕ ШАҚЫРАДЫ?

Жаңа қағида бойынша енді әскери комиссариаттар әскерге шақыру науқанының басталуын күтпей-ақ, азаматтардың деректерін алдын ала талдайтын болады. Көктемгі шақыруға жататын азаматтардың құжаттары екі кезеңге бөлінеді.

Әскерге шақырылатын азаматтардың дерегі 10 қаңтардан 28 ақпанға дейін және 10 шілдеден 28 тамызға дейін қорғаныс істері басқармаларында; 1 наурыздан 30 маусымға дейін және 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін жиын пунктінде қаралады.

Алдын ала тексеру кезінде әскери комиссариаттың лауазымды тұлғалары әскери бөлімдердің өкілімен бірлесіп, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен шақырылушы туралы толық дерекқор жинайды. Онда шақырылушының жұмыс (оқу) орны туралы; білімінің бар-жоғы туралы; отбасы құрамы туралы; жүргізуші куәлігінің бар-жоғы туралы; Қазақстан Республикасының аумағында болуы туралы; қылмыстық құқық бұзушылық жасаған-жасамағаны туралы мәліметтері жинақталады.

Іріктеп алынған әскерге шақырылушылардың тізімі 28 ақпанға және 28 тамызға қарай қорғаныс істері департаментіне жіберіледі.

## ӘСКЕРГЕ ТЕЛЕФОНМЕН ШАҚЫРУ ЗАҢДЫ МА?

Іріктеуден өткен азаматтардың телефон нөміріне және eGov

2 млрд. 659 млн. теңгеге кент және ауылдық округтердің 29 көшесіне қайта жаңғырту, орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Анықтама ретінде:

1) Белкөл кенті – 1 көше (ортаалық көше);

2) Тасбөгет кенті – 4 көше (М.Шоқай, Олжабайұлы, Әбенев, Абай көшелері)

3) Қызылжарма ауылдық округі – 12 көше (Б. Нақыпұлы, Ділдебаев, Алмағанбетов, Абдулов, Мейрманов, Алтықұлаш, Қаратау, Теренсай көшелері, Қараарын, Төсбұлақ, Күркіреуік, Терісақпай тұйықтары);

4) Ақсуат ауылдық округі – 10 көше (Байтен, Жөнбаев, Сарыкөл, Үсенбаев, А.Абиев, Жаңа тұрмыс, Қырық байтақ, №10 «В», Баймолда Әлімов, Т. Қаратаев көшелері);

5) Қызылөзек ауылдық округі – 2 көше (Қараөзек бекеті - 4, А. Құнанбаев көшелері).



Биыл Ақжарма ауылдық округіне қарасты Талдыарал елдімекеніне қосымша скважина орнатуға 624 млн. теңге бөлінді.

Биологиялық тазарту станциясын жаңғырту мен автоматтандыру жұмысын аяқтауға 1 млрд. 264 млн. теңге қаралып отыр.

Одан бөлек 697 млн. теңгеге қаладағы су құбыры желілерінің құрылысы жүргізіледі. Жалпы, Қызылорда - 100 пайыз сапалы әрі таза ауыз сумен қамтылған қала. Тұрғындарды көгілдір отынмен қамту - басты міндетіміз. Бұл тұрғыда газ желісі жетпеген елдімекендерге және қала аумағында қалып қойған



## САТЫП АЛҒАН, БІРАҚ ДҰРЫС БОЛМАҒАН ТАУАРДЫ ҚАЙТА ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ МА?

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 30-бабының 1-тармағына сәйкес сатып алушы сатып алынған тиісті сападағы, бірақ қандай да бір себептермен оның қажеттілігін қанағаттандырмайтын, немесе қажетті қасиеттері жоқ азық-түлік емес тауарды тауарды сатып алған күннен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде басқа мөлшердегі, нысандағы, көлемдегі, үлгідегі, түстегі, жиынтықтағы ұқсас тауарға айырбастай алады. Егер айырбастау кезінде ұқсас тауар (мысалы, киім немесе аяқ киім) сатылмаса, тұтынушының тиісті қайта есептелген күнмен қолда бар ассортименттегі басқа тауарларды сатып алуға не тауардың құнын кері қайтарып алуға немесе оны ұқсас тауарға айырбастауға толық құқығы бар. Айырбастаудың немесе қайтарудың міндетті шарттары: сатылған тауар пайдаланылмауға, оның сыртқы түрі, тұтыну қасиеттері, пломбалары, фабрикалық жапсырмалары сақталуға тиіс, нақты сатушыдан тауарды сатып алу фактісін растайтын құжаты (кассалық немесе тауарлық чек) бар және тауар айырбастауға жатпайтын тауарлар тізбесіне кірмейді.

Заңнама бойынша айырбастауға жатпайтын тауарлар:

- 1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды;
- 2) іш киімді;
- 3) шұлық-ұйық бұйымдары;
- 4) жануарлар мен өсімдіктер;
- 5) метрлеп сатылатын тауарлар (талшықты маталардың барлық түрі, трикотажды және және перделік мата, жасанды тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес маталар, ленталар, шілтерлер, кестелер, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, бағет, пленка мен клеенка);
- 6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттанбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ»

## БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША НЕСИЕ АЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ДАЙЫНДАЙДЫ?

1. Кәсіпкердің және жұбайының жеке куәлігі (түпнұсқа, көшірмесі)
2. Кәсіпкердің неке туралы куәлігі, неке болмаған жағдайда анықтама
3. Кәсіпкердің талоны және салық комитетіне тіркелгендігі туралы анықтама.
4. Кәсіпкердің салық комитетінен қарызы (берешегі) жоқтығы туралы анықтамасы.
5. Кәсіпкердің және үй иесінің аттарынан сотталмағандығы, наркология, психдиспансерден анықтама.
6. Ауыртпалық анықтамасы және меншік иесі туралы

мәліметтер туралы анықтама.

7. Банктен кәсіпкердің 20 сан сәтін бар анықтамасы және қарыз жоқ туралы картатека № 2.
8. Бизнес жоспар
9. Кәсіпкердің кепілге қойылатын мүлкінің құдық белгілеуші құжаттары.
10. Бағалау парағы (оценка) түп нұсқасы
11. 3- туысының жеке куәліктері, телефон нөмірлері.
12. Зейнетақы жарнасы.

## «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА»

## БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША

- Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері, өтінішті қандай электронды портал арқылы береміз?
- Ақпараттандыру объектілері арқылы – otbasybank.kz/programm-bank Баспана Маркет жылжымайтын мүлік порталы (бұдан әрі – Портал).
- Алушы өзіне жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын алу кезінде қанша мерзімде жұмыс істеуге міндеттеле алады?
- Ауылдық елді мекенінде орналасқан (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты) ұйымында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндеттемелер қабылдайды.
- Кезекке тұрған мамандардың өтініштерін қайта қарау қанша мерзімде болады?
- Әлеуметтік қолдау шараларын алуға кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушылардың құжаттарын қайта қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді және ол екі жылдан аспайды.
- Маман бір елді мекеннен екінші елді мекенге жұмыс ауыстырса әлеуметтік қолдау шаралары сақтала ма?
- Үш жылдық мерзім өткенге дейін өндірістік жағдайларға, немесе әкімшіліктің бастамасы бойынша басқа ауылдық елді мекендерге (немесе бір ауылдық елді мекеннің шегінде) жұмысқа ауысқан кезде қосымша келісім бойынша міндеттемелер қабылдай отырып, алынған әлеуметтік қолдау шараларына құқығын сақтауға құқығы бар.
- Аталған әлеуметтік қолдау шараларын қалайлық жерде жұмыс жасайтын (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен) сала мамандары ала алады ма?
- Бағдарламаға тек ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандар қатыса алады.



АХАТОВ



**ФОЛЬКЛОРҒА АЙНАЛҒАН ҒЫЛЫМ.** Қазақ-тың күнқайыру жүйесі — табиғат әлемі, аспан шырақтарын ғасырлар бойы бақылап, қорытқан тәжірибе-деректер жинақталған халық білімінің кеніші. Жыл мезгілдері, күн мен түннің ауысуы, ұзарып-қысқаруы, Айдың жаңаруы, Үркер мен Айдың тоғысуы, соған сәйкес күн райының құбылуы, өсімдіктер мен жан-жануарлардың соған бейімделе тіршілік етуі және осының бәрін бақылау тәжірибесі дәстүрлі күнтізбеге негіз болған. Есепшілер табиғаттың аумалы-төкпелі мінезін ұрпаққа ұқтыру, құлағына құю үшін амалдардың қимыл-әрекеттерін мифологиялық кейіпкерлерге ұштастырып, көркем сөзбен жас ұрпаққа қызықты да ұғынықты етіп таратқан. Яғни ілім-білім фольклорға: ай мен амалдар туралы желі мифтерге, ертегілерге, мақал-мәтелге айналып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған.

Есепші — күн райын алдын ала есептеп, шаруашылықты орамды жүргізуі үшін халыққа ақыл-кеңес беріп, жол сілтеп отырған маңызды білім иесі. Мысалы, «Есепшінің есебі кісесінде, есепсіздің есебі тізесінде» деген мақал бар.



Бұл сөздің түп-төркіні мынада: есепші тоғым, күн райын бақылап, қатирасын кісесіне салып сақтаған, соған жүгінетін болған. Ал қатардағы қариялар күн райы бұзыларда тізесі сырқырап, буыны қақсап ауырса, боран борайды, қар жауады деп болжайтын. Сол сияқты, «Күнәң аз болса, күн есепте», «Есепшіні жұт алады, жауырыншыны жау алады» деп, есепшілікті тазалыққа, даналыққа балап, күн райын болжаудың серті ауыр болатынын, ал жаңсақтық, қателігі болса, салдары мен жауапкершілігі қатал екенін ескерткен.

**ҚАЗАҚТЫҢ КҮРДЕЛІ КҮН ҚАЙЫРУ ЖҮЙЕСІ.** Қазақ халқы ықылым заманнан бері күнқайырудың бірнеше жүйесі мен үлгісін қолданған: күн қозғалысына негізделген шәмсі есебі; ай қозғалысына негізделген қамари есебі; румие есебі; хижра есебі; тоғыс жүйесі (Үркер тоғысы, Қамбар тоғысы); зодиак шоқжұлдызы жүйесі; азаматтық ай есебі (амал есебі). Есепшілер бұл жүйелерде күнқайыруды ескі санатпен (юлиан күнтізбесі) де, жаңа санатпен (григориан күнтізбесі) де (арасы — 13 күн) жүргізе беретін болған. Сонымен бірге әр есепшінің өзі өмір сүретін өңірдің табиғатына сай сол аймақта ұстанған күнқайыру дәстүрлері де болған. Мысалы, Бұқар есебі, Байбақты Қазыбек есебі, Келдембектің кері есебі және т.б.

Қазақ күнқайыру жүйесінде айлардың аты мен орналасу реті де әртүрлі сипатталып келген. Мәселен, Ш.Уәлиханов, В.Радлов, А.Левшин, Қ.Халиди еңбектерінде ай аттарында айырмашылықтар бар. 1923, 1930 жылдары басшылып шыққан шаруа күнтізбесінде де сол тектес айырмашылықтар байқалады. Олар мәлімет берушілердің күнқайырудың қандай жүйесі, үлгі-тәсілі немесе санатын қолданғанына қарай өзгеріп отырған: біреулер шоқжұлдыз айлар мен азаматтық айларды араластыра қолдана, енді біреулер араб айлары мен тоғыс айларын қосарлаған. Нәтижесінде аралас-құраластық, тоғысу-ығысулар байқалған. Бұл кемшілік емес, керісінше, қазақ күн қайыруының алуан түрлілігі мен көп нұсқалығын, яғни қабат-қыртысы мол қазына екенін байқатса керек.

Ұлы далада күнтізбе жүйесінің әр түрі қолданылған. Соның бірі — Шығыс Қазақстан, ҚХР, Моңғолиядағы қазақтар қолданып келген күнтізбе үлгісі.

| <i><b>Шығыс Қазақстан, ҚХР, Моңғолиядағы қазақтар қолданып келген күнтізбе үлгісі</b></i> |                                                                                   |                                              |                               |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|-------------------------------|
|                                                                                           | <b>Шығыс Қазақстан, ҚХР, Моңғолия қазақтарынан жазып алынған ескіше ай аттары</b> | <b>Қазақстан күнтізбесіндегі ай атаулары</b> | <b>Үркер мен Айдың тоғауы</b> |
| 1                                                                                         | Үштің айы                                                                         | Қаңтар (Январь)                              | 11                            |
| 2                                                                                         | Бірдің айы                                                                        | Ақпан (Февраль)                              | 9                             |
| 3                                                                                         | Көкек                                                                             | Наурыз (Март)                                | 7                             |
| 4                                                                                         | Мамыр                                                                             | Көкек/Сәуір (Апрель)                         | 5                             |
| 5                                                                                         | Маусым                                                                            | Мамыр (Май)                                  | 3                             |
| 6                                                                                         | Шілде                                                                             | Маусым (Июнь)                                | 1                             |
| 7                                                                                         | Тамыз                                                                             | Шілде (Июль)                                 | 23                            |
| 8                                                                                         | Мизан                                                                             | Тамыз (Август)                               | 21                            |
| 9                                                                                         | Қазан                                                                             | Қыркүйек (Сентябрь)                          | 19                            |
| 10                                                                                        | Қараша                                                                            | Қазан (Октябрь)                              | 17                            |
| 11                                                                                        | Желді                                                                             | Қараша (Ноябрь)                              | 15                            |
| 12                                                                                        | Қаңтар                                                                            | Желтоқсан (Декабрь)                          | 13                            |

**ШАРУАШЫЛЫҚТЫ БАҒЫТТАҒАН АМАЛ ЕСЕБІ.** Қазақ күнтізбесінің алуан қатпарлы екенінің бір көрінісі — амал есебі. Жыл сайын белгілі бір мезгілде қайталанып, мал мен жанға зиянын тігізетін кезеңдерді есепшілер амалдар деп атаған. Сондай қайталанбалы мезгілдік ерекшеліктерді есептеп, сақтық шарасын жасау үшін қолданған күнтізбені амал есебі деуге болады.

Үркер мен Айдың тоғысуы, әр айдың беде-рінде болатын өзгерістер, қысқы-жазғы шілденің кіріп-шығуы, тоқсанның ауысуы, маусымның алмасуы секілді құбылыстар жіті бақыланып, қырағылықпен зерттелген. Бұл халықтық табиғаттану білімінің жүйеленуі еді.

Мұның бәрі теориялық білім емес, шаруашылықтың негізіне айналғанын алға тартқан Н.Уәлиұлы:

«...Есепшілер амалдың қай кезде, қалай өтетінін алдын ала есептеп, болжап отырған. Осы есепке сүйене отырып малшы қауым мал



Тәңіршілдік (көне түркілік) күнтізбе. Заманауи реконструкция

төлдету, қыстаудан көктеуге, одан жайлауға көшу, қысырақ матау, үйірге айғыр салу, қой қырқу, күйек байлау, күзем алу, күздеуге, одан қыстауға көшу, күйек шешу тәрізді т.б. шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырған» деп жазады.

Алайда әр өңірде қолданылатын айлар мен амалдар жүйесінде елеулі ерекшеліктер бар. Мәселен, Шығыс қазақтарының амал жүйесін М.Өуезовтің еңбектерінен байқауға болады. Айталық, «Абай жолы» романына сенсек, отамалы 11–17 көкек аралығына, яғни қазіргі 11–17 наурызға сәйкес келеді. Бұл есеп Қ.Халиди, Б.Кәмеләшұлы деректерімен де үйлеседі.

**КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ЕҢ ТҰНЫҚ ҮЛГІСІ.** Қазақ күнқайыру жүйесі мен әдісін, ай мен амалдардың атауын, олар туралы шығарылған мифтер, хикаялар, мақал-мәтел, өлеңдерді басқа түркі халықтары мұрасымен кешенді салыстыра тексергенде, көшпелі өркениет құндылықтарының төлтума сипатын қазақтай сақтаған ел жоқ екені байқалады. Мұны байқаған Б.Куфтин:

«Мұнда тізілген ай аттары тек қана қазақ халқына тән, Азияны мекендеген басқа түркі халықтарында бұлар кездеспейді... Ай атауларында айрықша ерекшеліктер бар, жалпы түркілік ай есімі мұнда табыла қоймайды» деп жазады.

Академик Ә.Марғұлан еңбегінде жүйеленген еліміздегі қазіргі қолданыстағы ай аттарын көршілес татар, башқұрт, өзбек, қырғыз зерттеушілері «қадым түркі күнтізбесіндегі» ай аттары есебінде зерделейді. Оның себебі — қазақта сақталған көшпелі сана тұнығы мен туысқан халықтардың мұрасы бір-бірін толықтыруында болса керек.

Түркі халықтарының ай аттарында бірізділік болмағанымен, ай сайын келетін амалдар, әр амалдың суреттелуі, кейіпкерлер образы, олар туралы айтылатын өлең, мақал-мәтел, мифтерде ортақ сипат көп екені аңғарылады. Қазақ ішінде де солай. Әйткенмен ішінара бөгенайлар жоқ емес.

Сарыарқа халқының амалдарды негізінен аң-құстардың өмір-тіршілігіндегі маусымдық әрекет-дағдылармен (текебұрқылдақ, бөрі сырғақ, құралайдың салқыны, бұғының мойын жуары, құс қанаты, құлжаның ауыз шайқары) байланыстырып, ежелгі аңшылық заман тұрмысын елестетеді. Алтай, Тарбағатай тауын мекендеген Алаш баласы амалдарды көбінде малшылық кәсіппен ұштастырып, олардың әрқайсын белгілі бір мифтік кейіпкерлердің қайғылы тағдырымен тоғыстырып, желілі хикаялар тудырған. Бір ескертетін мәселе — бұл тараптағы жұрт амалдардың атауын зодиак шоқжұлдызының арабша атауларымен атайды. Қысқасы, батыс пен орталықта ай атауы ретінде арабша жұлдыз атаулары қолданылса, шығыс қазақтарында негізінен амал кейіпкерінің есімі жүреді деуге болады.

Өрине, бауырлас қырғыз, өзбек халықтарында өзгә мекендерге өңірдің географиялық өзгешеліктеріне байланысты әр айда келетін амалдардың рет-тәртібі, кіру-шығу мерзімдері өзгешелеу. Сонымен бірге амалдарды білдіретін кейіпкерлердің аты да әр алуан, әйткенмен олар туралы айтылатын өлең, бейнелі сюжеттер көбіне ұқсас екені аңғарылады.

Халық түсінігінде амалдар жыл сайын белгілі бір мерзімде ұшырасатын күн райының құбылмалы мезгілдерінде келеді, сол күндері шаруалар алдын ала қам жасап, сақтануы керек, әйтпесе жұтқа ұрынуы ықтимал. Сол себептен халық әр амалға мінездеме беріп, ерекшеліктерін көркем сөзбен кестелеген. Кей мәлімет берушілер 12 айда барлығы 8 амал енеді десе, кей зерттеушілер, нақтырақ айтқанда, ҚХР қазақтары мен қырғыздары 12 айда 24 амал бар деген дерек келтіреді.

Этнограф Б.Кәмеләшұлы: «Отамалы көкек айының 10–15 күндерінде, ал Өз мамырдың 10–15-і, Сәуір мамырдың 20–25-і, Саратан-Зауза маусымның 10–15-і, Ақпан үштің айының

10–15-і, Үт үштің айының 20–25-і, Көкірекшал бірдің айының 10–15-і, Наурыз бірдің айының 20–25-і болмақ. Бұл айлардың атауын қазақтың кей тайпалары мен Қазақстандағы қазақтар арасында келесідей деп түсіну дұрыс: көкек — наурыз, мамыр — көкек, маусым — мамыр, үштің айы — қаңтар, бірдің айы — ақпан. Амалдар басталғанда қазақ халқы күн суытады деп сақтанады» деп жазады.

**АМАЛДАР — СУЫҚТА АДАСЫП, ҮСІП ӨЛГЕНДЕР РУХЫ.** Халық осындай амалдардың әрқайсын мифтік кейіпкер ретінде елестетіп, олар туралы әңгіме-аңыздар таратқан. Халықтың ұғымында бұл амалдар — қарлы боран, суықта адасып, үсіп өлгендердің елесі, рухы. Сол жандардың рухы мифтік түсінікке сай құбылып, амалдарға, яғни аяз, суық, дауыл не боранға айналып кеткен. Сол кейіпкерлер жыл сайын белгілі бір маусымда келіп, ауа райы бұзылады деседі.

Амалда келетін әр кейіпкердің өзіне тән монологі, дағдылы серт сөздері болады. Сол сөздер арқылы олар қаһарлы қыстың



буырқанған аяз, ызғарын суреттеп, күн райы туралы дабылды ескерту жасап, айбат көрсеткендей болады. Ғасырлар бойы ауызша таралған бұл өлең, тақпақтар ел құлағына әбден үйреншікті болып кеткен. Орталық Азиядағы қазақ, өзбек, башқұрт, қырғыздар арасында бұл машықты сөздердің ширек бөлігі ортақ, ал орманды мекендейтін, аңшылық кәсіппен шұғылданатын Сібір түркілерінде жергілікті аңшылық-балықшылық кәсіпке байланысты біраз өзгешелік бар.

**АҚПАННЫҢ СЕРТІ ҚАНДАЙ?** Ат құлағы көрінбес ақ түтек боранда келетін амалдың бірі — Ақпан. Ақпан амалы — қаңтар айының (ескіше үштің айы) 10–15-і аралығында болатын қаһарлы қыстың сары аяз боранды күндері. «Үштің айы — күштің айы» дейтін сол.

Ақпан амалын өзбектер Ақпан, Дақпан, башқұрттар Ақпан, Тоқпан деп атайды. Қырғыздар қыс шілдесінің нөкерін Қырлач деп атайды. Бұл атау көне түркілік сипатқа ие, себебі Сібірдегі түркі халықтарында, чуваш, татарларда ұлы Қырлаш, кіші Қырлаш деген ағайындас ай аттары бар. Қырлаш деген сөз түркі тілдерінде «аяз, суық, қырау» деген мағына береді. Ақпан амалының ызғар шашып айтатын мынадай монолог-серті бар:

«Кебенектің кертемін, Шекпендің шертемін, Ақ тондыдан қорқамын, Қызыл жұдырық жас баланы қайтемін?!»

Мұнда кебенек деген — жылқышылар киетін, киізден мол етіп тұтас басып істелген арнайы қыстық сырт киім. «Кебенектің кертемін, шекпендің шертемін» деп доңайбат көрсеткен Ақпан қойдың терісінен істелген сеңсең «ақ тоннан қорқамын» деп жеңіліс тапқандай болады. Өдетте ақ тон, «қар жауса да тоңбайды бай баласы, үй жылы, киіз тұтқан айналасы» дегендей, аппақтонын киіп, белін кемер белдікпен буып, буы бұрқырап отырған бағлан мырзаға тән. Кебенек пен шекпен кигендер — далада ақырған аязбен арпалысып мал бағатын қара шаруалар, соларды «кертемін, шертемін» деу арқылы Ақпан «малыңды түгел қырып саламын» дегендей үрей туғызады. Ал омбы қарда алаңсыз ойнап жүрген

қызыл жұдырық балақайға «Үсіте салайын ба?» деп сес көрсеткендей болады.

Ел аузында «Қаңтардың Ақпанға тапсыруы» деген өлеңдер бар:

Ақпанда ақпан алты күн, Айқайлап соқсаң жеті күн, Бойшаң қызда бұғақ қалды, Бой тоқтыда құйрық қалды, Қырлан, Ақпан, қырлан!

Мұндағы «қырлан» деген сөз — чуваш пен Сібірдегі түркілерде сақталған айдың аты. Бірақ ол халықтарда Қырлаш айының өлеңдері сақталмаған. Қырғыздарда Кырдач — қыс шілдесінің нөкері. Қыстың пірі Шілде жақтас нөкері Қырдачқа қатал талаптар қояды. Оның монологі былай:

Жаным Қырдач қамшылан... Мал майлы қалды, Бөрісі жайлы қалды, Түйе қомды қалды, Қой жонды қалды, Бұқа бұлқынып қалды, Бура жұлқынып қалды, Қысыр жалды қалды...

# ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ: МАУСЫМ МЕН АМАЛДАР



Аязға төтеп берген осыларды арықтату керек деп тапсырған қыс Шілдесі «қыз емшекті қалды, боз ұлан боғақты қалды, бой тоқты құйрықты қалды» деп, «бұларға да тізеңді батыр» дегендей үгіт айтады. Аяз бен бораны бет қаратпайтын Ақпанның «семіздің шелін, арықтың терін сыламын» деген серті де бар.

Көшпелі қауымның бозбаласы мен бойжеткені қыс маусымында ала таңнан қара кешке дейін ересектерден қалыспай, «қар төсеніп, мұз жас-танып» жүріп мал жайғауда төтенше жігер, қайрат көрсететін. Сондықтан Шілде малшылардың сенімді қолғанаты болған жасөспірімдердің мазасын алып, тұралатып, шаршату керек дейді.

Өзбектерде «қатта Шілде» «кішік Шілдеге» былайша насихат айтқан деседі:

Нар түіенің еркеші қалды, үкәм, аларсың, Ер жігіттің жүрегі қалды, үкәм, аларсың, Бой қыздардың білегі қалды, үкәм, аларсың.

Кейде Ақпан амалын «Ақпан-Тоқпан» деп қосарлап та айтады. Яғни амалдың екінші бір дәстүрлі атауы — «Екі ағайынды». Қорыта айтқанда, қаңтар айында келетін Ақпан, Дақпан — қазақ, өзбек, башқұрт халық күнтізбесінде кездесетін амал. Оны қырғыздар Шілде мен Кырдач десе, өзбектер ұлы Шілде, кіші Шілде деген. Ал Сібірдегі түркі жұртында аға Кырлач, іні Кырлач — айдың аты.

Алтай түріктері «Қаңтардың Ақпанға тапсыруын» «Чагаан айа Кочкор айға айдып жатат» деп біз талдаған өлеңнің алтайлық нұсқасын жариялайды:

Кочкор ай, Кочкор ай, Қызыр малда каазы калт, Қыс балдарда эмчек калт! Соокты тынытла тынтыт! Жыл сайын оралып соғатын циклдік сипаттағы амалдарға сәйкес кейіпкерлер тобы бар. Сөз өнері арқылы кейінгіге жеткен жолдар шаруашылық-өндірістік әрекеттермен тығыз байланысты болғандықтан, күнқайыру жүйесін әжептәуір өміршең еткен.

**АМАЛ МЕН ХАМАЛ БІР ЕМЕС.** Көптеген зерттеуші амал деген сөзді «ауа райының амал-айласы» деген мағынада түсіндіріп келді. Сонымен бірге күн райының өзгерісін білдіретін біз талдап отырған амал ұғымын Хамал айымен, яғни «Амал келді, жыл келді» дейтін батыс қазақтарының ұғымымен шатастырады.

Шындығында, амал мен Тоқты шоқжұлдызын белгілейтін Хамал айының ешқандай қатысы жоқ. Қырғыздар амалды «маал» деп атаған. К.Юдахин «Киргизско-русский словарь» сөздігінде «Маал.араб. – Время. момент» деп түсінік берген. Қазақтың жыр-дастандарында «сәске мәл» деген сөз орамы, уақыт ұғымы кездеседі. Мысалы, «Келіппін сексен үшке мәлден өтіп» деген жыр шумағы бар. Бұл туралы Н.Уәлиұлы мұндай сөз орамындағы «мәл» сөзі белгілі бір «кез, шақ» деген мағынада қолданылғанын айтады. «Амал» сөзінің осы мағынасына тоқтауға болады.

Түйіндей келе, қазақ шаруалары халықтық болжамдарға сүйене отырып, күйек алу, малды қолайлы мезгілде төлдету, жер жыртуы, егін салу, түсімжинау, соғым сою, оны ықтияппен сақтау секілді шаруашылықтарды ғылыми дәлдікпен жүргізген, ұтымды ұйымдастыра білген. Көшіп-қонудан бастап мал күзету, жолаушылау, тіпті адасқанда жол табуға дейін аспан денелері, ай-жұлдыздардың қозғалысын басшылыққа алып бағытын түзеген. Қадым заманнан бері қалыптасқан табиғат құбылыстары жүйесіндегі ілім-білімдер мен бағалы тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа фольклор арқылы жетіп отырған.

**Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ**  
фольклортанушы  
*Qalattan*



Мерген және Тауешкі шоқжұлдыздары. Ортағасырлық парсы философиялық трактатынан алынған иллюстрация, 13-ғасыр